ЖОЛ ЖӨНДЕЛМЕЙ, ЕҢСЕ ТҮЗЕЛМЕЙДІ

4-БЕТ | САРАПТАМА

ЖАЛҒЫЗ АҒАШ ОРМАН ЕМЕС

6-БЕТ | ЖАСЫЛ ҚАЗАҚСТАН

ЕЛОРДАНЫҢ ТУРИСТІК ӘЛЕУЕТІ ҚАНДАЙ?

7-БЕТ | ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Қазақстан мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы транзиттік-көлік ынтымақтастығы қарқынды дамып келеді. Өңіріміздегі елдердің өзара байланысын қамтамасыз етуге бағытталған перспективті жобалардың жүзеге асырылуын құптаймыз. Біз Орталық және Оңтүстік Азия арасындағы көлік бағыттарын кеңейту, «Солтүстік-Оңтүстік» және «Шығыс-Батыс» трансеуразиялық дәліздерін дамыту жөніндегі іс-әрекеттерді қолдаймыз.

№110
(4388)
Сенбі
17 қыркүйек
2022 жыл

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ШАНХАЙ ҰЙЫМЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШЕДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің шағын құрамдағы отырысына қатысты.

Мемлекет басшысы Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевке қонақжайлығы мен Самарқандтағы ШЫҰ-ның кезекті саммитін жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін алғыс айтты.

Қазақстан Президенті ШЫҰ өзінің әмбебаптығы мен өзара ынтымағының арқасында қазіргі заманның ең өзекті мәселелерін шешуге елеулі үлес қоса алады және қосуға тиіс деп есептейді.

Мемлекет басшысы шағын құрамдағы отырыста ШЫҰ қызметінің қазіргі кезеңдегі басым бағыттары туралы көзқарасын білдірді.

Сондай-ақ кездесуде Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Үндістан Премьер-министрі Нарендра Моди, Қытай Төрағасы Си Цзиньпин, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Пәкістан Премьер-министрі Шахбаз Шариф, Ресей Президенті Владимир Путин және Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон сөз сөйледі.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Самарқандқа сапар барысында «Мәңгілік қала» кешеніне барды. Мемлекет басшысы кешенде орналасқан көрмелер мен шығыс базарын тамашалады.

ЖАРАЙСЫҢ, ЖӘМИЛА!

Сербия астанасы Белградта күрес түрлерінен өтіп жатқан әлем чемпионатында еліміздің бірнеше дүркін чемпионы, Азияның екі дүркін жеңімпазы елордалық Жәмила Бақбергенова күміс жүлдегер атанды.

Финалға дейін барлық қарсыластарын айқын басымдықпен ұтқан еді. Алайда Жәмила ақтық сында АҚШ балуаны Амит Элорға жол беріп қойды.

Бұл – қазақ қызының әлем чемпионатынан алған екінші күміс жүлдесі, ол 2021 жылы Осло қаласында өткен әлем біріншілігінде де екінші орын алған еді.

Әлем чемпионатынан күміс жүлде алу да – үлкен жетістік. Олай болса, жарайсың, Жәмила, ешқашан жабырқама, сенің чемпион болатыныңа біз сенеміз демекпіз.

17–18 ҚЫРКҮЙЕКТЕ

«Астана-Арена» стадионы алаңында (Тұран 48) Алматы мен Жетісу облыстарының ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өтеді. Екі өңірдің тауар өндірушілері елордаға 459 тонна өнім әкеледі.

ТАЛПЫНҒАН ГРАНТ АЛАДЫ

Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобаны жүзеге асыру аясында елордада жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін өтеусіз негізде гранттар бөлінеді.

Грант алу үшін өтінімдерді қабылдау 19-қыркүйекте басталады.

19-30 қыркүйек аралығында өтетін IV лекте 340 өтінімді қабылдау жоспарланып отыр. Оның ішінде 224-і – жастар үшін және 116-сы халықтың әлеуметтік осал топтары үшін қарастырылған. Өтінімдерді қабылдау кезең-кезеңімен «Business.enbek.kz» порталы арқылы онлайн режимде жүзеге асырылады.

Толық ақпарат алу үшін Бейбітшілік көшесі, 9 мекенжайына хабарласу керек. Тел.: 24-94-72, 8-700-956-98-10.

17 ҚЫРКҮЙЕК

«БІРГЕ – ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

ЖАЛПЫҚАЛАЛЫҚ СЕНБІЛІК!

№110 (4388) 17/09/2022 Сенбі

ҚАЗАҚ ЕЛІ СЫНДАРЛЫ СҰХБАТ ОРТАЛЫҒЫНА АЙНАЛДЫ

Қазақстан Президенті Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезінің жабылу рәсіміне қатысты. Рәсімнің алдында Қорытынды декларация жарияланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев форумның екі күндік жұмысын қорытындылай келе, қазақ жері осы күндері түрлі мәдениеттердің сындарлы сұхбат орталығына айналғанын атап өтті. Дүниежүзінің беделді дінбасылары осы жерде бір шаңырақтың астына жиналды.

– Шын мәнінде, бәріміздің мақсатымыз – бір. Бұл – өркениеттер үндестігін орнату және бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайту. Съезде көптеген салмақты ой, салиқалы пікір айтылды. Оның бәрі біздің үйлесімді әлем құру жолындағы іс-әрекетімізге оң ықпалын тигізеді деп санаймын. Біздің бастамамызға қолдау көрсетіп, съезге арнайы келген діни көшбасшыларға, саясаткерлер мен халықаралық ұйым өкілдеріне алғыс айтамын. Сондай-ақ форумды өткізуге белсене атсалысқан дипломаттарға, волонтерлерге, журналистер мен басқа да азаматтарға ризашылығымды білдіремін, – деді Мемлекет басшысы.

Президент Қазақстан халқының және жеке өзінің атынан Рим Папасы Францискке елімізге тарихи сапар жасап, съезд жұмысына қатысқаны үшін тағы да ризашылығын білдірді.

– Сіздің әлемдік қоғамдастыққа үндеуіңіз бүкіл әлемдегі миллиондаған адамдарға үміт пен сенім сыйлады, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезі тарихтың бетбұрыс кезеңінде өткеніне тоқталды. Пандемиядан кейін геостратегиялық жағдай ушыққан кезде жаһандық деңгейде өркениетаралық диалог пен сенімді нығайту үшін жаңа әдістер іздеу аса маңызды. Президент форумның қорытындысы бұл басты міндетті шешуге елеулі үлес қосады деп санайды.

– Біз бірлесе отырып, ұлттардың бірін-бірі шеттетуіне, мемлекеттердің күйреуіне және халықаралық қатынастар жүйесінің бұзылуына ықпал ететін «күш көрсету саясаты» мен «араздық тілін» дәріптеуді сынға алдық. Бүгінде діндердің бітімгерлік әлеуетін пайдаланып, ұзақ мерзімді тұрақтылыққа қол жеткізу үшін рухани көшбасшылардың күш-жігерін біріктіру бұрын-соңды болмаған маңызға ие. Барлық діннің негізінде гуманистік идеалдар, адам өмірінің жоғары құндылықтары, бейбітшілік пен жасампаздыққа ұмтылу сияқты ізгі амалдар жатады. Осы негізгі қағидаттар рухани салада ғана емес, сондай-ақ мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен халықаралық саясатта да көрініс табуы қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы ұлттық күйзелістер мен жаһандық дағдарыстардың қайнар көзі саналатын теңсіздіктің барлық түрін еңсеру талқыланған негізгі мәселелердің бірі болғанын атап өтті. Цифрлық және гендерлік проблемаларға, әлеуметтік бөліністерді жою ісіндегі білім мен діни ағарту саласының атқаратын рөліне баса мән берілді.

Қазақстан Президенті экономикалық өсім мен рухани-адамгершілік дамудың арасындағы теңдікке қол жеткізу жолдарын қарастыру әлі де өзекті екенін атап өтті.

– Діндер көшбасшылары рухани және технологиялық дамуды үйлесімді ұштастыру қажет екенін дәлелдей алатынына сенімдімін, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев рухани көшбасшылардың беделі бүкіл адамзаттың игілігі үшін қазіргі әлемдегі қайшылықтарды еңсеруге септігін тигізетініне сенімді.

Мемлекет басшысы съездің қорытынды құжатына ерекше назар аударды. Президент форум қорытындысы бойынша бүгін мазмұнды әрі жанжақты пысықталған Декларация қабылданатынын жеткізді. Оның айтуынша, бұл маңызды концептуалды құжат іргелі мәселелерді қамтиды және үкіметтерге, саяси көшбасшыларға, халықаралық ұйымдарға бағдар бере алады.

– Біздің ортақ міндетіміз – Декларацияның концептуалды ережелері мен идеяларын дәйекті түрде ілгерілету. Сонымен қатар Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезін дамытудың 2023-2033 жылдарға арналған тұжырымдамасын әзірлеу қажет. Құжатта біздің форумның ықпалын одан әрі күшейтудің нақты қадамдары мен кезеңдері қамтылуы керек, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, Қазақстан өзінің ішкі және сыртқы саясатының басымдықтарына сәйкес, съездің дәйекті қызметін толықтай қолдайтынын атап өтті.

Сонымен қатар съездің жабылу рәсімінде Рим Папасы Франциск, «Әл-Азһар» университетінің Жоғарғы имамы шейх Ахмад ат-Тайеб, Мәскеу Патриархатының Сыртқы шіркеулік байланыстар департаментінің төрағасы, Волоколамск митрополиті Антоний, Сауд Арабиясы Корольдігінің Ислам істері, уағыз және насихат жөніндегі министрі шейх Абдуллатиф бен Абдулазиз Абдрахман Әл аш-Шейх, Израильдің Бас ашкеназ раввині Давид Лау, сондай-ақ Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезі Хатшылығының басшысы – Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев сөз сөйледі.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ШАНХАЙ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫНА ЗОР ҮМІТ АРТАМЫЗ

ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ШЫҰ-ҒА МҮШЕ МЕМЛЕКЕТТЕР БАСШЫЛАРЫ КЕҢЕСІНІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ҚҰРАМДАҒЫ ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Ең алдымен, Ұлы Жібек жолының інжу-маржаны ежелгі Самарқанд қаласында ШЫҰ Саммитін жоғары деңгейде ұйымдастырғаны және жылы шыраймен қарсы алғаны үшін Өзбекстан Президенті Шавкат Миромонович Мирзиёевке алғыс айтқым келеді.

Шанхай ынтымақтастық ұйымының құрамы тұрақты түрде кеңейіп келеді. Бұл – біздің Ұйымның халықаралық беделі мен ықпалының өсіп келе жатқанының айқын дәлелі.

Бүгінде әлем санкциялық қысым әдістері, негізгі жаһандық мәселелерді шешуде кереғар тәсілдер алдыңғы қатарға шыққан халықаралық жағдайдың күрделі шиеленіскен қауіпті кезеңіне қадам басты.

Өзара сенімнің жетіспеушілігі қазіргі заманның басты ерекшелігіне айналды.

Осындай жағдайларда өзара сенімге, тең және ашық диалогқа негізделген бірегей «Шанхай рухын» нығайту аса маңызды.

Біздің алдымызда ШЫҰ әлеуетін толық пайдалану міндеті тұр. Ұйым қызметінің тиімділігін арттыру және әртүрлі саладағы көпжақты ынтымақтастықты дамыту барлық қатысушы мемлекеттің мүддесіне сай келеді.

Ұйым қызметін одан әрі жетілдіріп, ШЫҰ кеңістігінде және одан тыс жерлерде негізгі үрдістерді болжау ісін күшейту маңызды.

ШЫҰ қызметі оның жарғылық құжаттарында көрсетілген негізгі қағидаттардың өзектілігін айқындады. Олар: экстремизм, терроризм, сепаратизм секілді «үш зұлымдыққа» қарсы күрес, мемлекеттердің егемендігі мен территориялық тұтастығын қорғау, ішкі істерге араласпау.

Ұйымның негізгі міндеті аймақтық қауіпсіздікті нығайту болып қала береді.

Аталған өзекті салада бірлесе қызмет етуді көздейтін бұрын қабылданған құжаттарды іске асыруды жалғастыру қажет. Сондықтан қорғаныс ведомстволары мен арнайы қызметтер арасында әскери-саяси ынтымақтастықты арттыруды ұсынамын.

Осы ретте ШЫҰ-ның Орталық Азия өңірлік ақпараттық үйлестіру орталығымен арадағы қатынастарды нығайту маңызды рөл атқара алады.

Ұйымның ақпараттық кеңістігін қорғау инфрақұрылымын құру үшін киберқылмыспен күрес мәселелерінің өзектілігі арта түседі.

Біз ШЫҰ-ны жаһандық экономикалық платформаға айналдыруымыз керек.

Біздің Ұйым адами, ресурстық және технологиялық әлеуеті бар әлемнің қарқынды дамып келе жатқан экономикасын біріктіреді.

Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үлесі әлемдік жалпы ішкі өнімнің шамамен төрттен бірін құрайды, яғни 23 триллион доллардан асады.

Бізде энергетикалық ресурстардың, көмірдің, сирек металдардың және жаңартылатын энергия көздерінің ең бай қоры бар.

Мен жоғарыда айтқандай, біздің ұйымның идеялық және институционалдық негіздерінде кереғарлық пен блоктарға бөлінушілік жоқ. Бұл ШЫҰ-ның халықаралық беделі мен танымалдығының артуына ықпал етті. Соның арқасында ұйым ең табысты бірлестікке айналды.

Сондықтан ШЫҰ үдерісіне қатысатын елдердің географиясы жылдан жылға кеңейіп келеді.

Бұл – Ұйымның жоғары сұранысқа ие екенінің айқын дәлелі. Менің пікірімше, ШЫҰ – қазір әлемдегі ең табысты халықаралық ұйым.

Біз тауарлардың, капиталдың, көрсетілетін қызметтер мен технологиялардың еркін айналымына кезең-кезеңмен көшу үшін ШЫҰ-дағы экономикалық ынтымақтастықты түрлі формада дамытуды қолдаймыз.

Ұйым кеңістігіндегі өсімнің қозғаушы күші – ШЫҰ аясында ауқымды экономикалық жобаларды жүзеге асыру.

Біздің алдымызда Ұйымның жобалық қызметін тиісті қаржыландыруды қамтамасыз ету мәселесі тұр.

Ол үшін бізде барлық қажетті экономикалық тетіктер, әзірленген стратегиялар, өзара іс-қимылдың егжей-тегжейлі бағдарламалары мен жоспарлары бар.

Экономикалық ынтымақтастықтың басым бағыттары саналатын транзиттік-көлік секторы, азық-түлік және энергетикалық қауіпсіздік мәселелеріне арнайы тоқталғым келеді.

ШЫҰ елдерінің тиімді экономикалық және көлік дәліздерін дамыту жөніндегі Ынтымақтастық тұжырымдамасының қабылдануы өзара логистикалық байланысты жақсартудағы маңызды жетістік болды.

Әңгіме «Қытай – Еуропа» бағыты және Транскаспий халықаралық көлік бағыты бойынша теміржол тасымалы, сондай-ақ Қазақстан мен Қытай шекарасында үшінші теміржол өткелінің құрылысын салу жоспары туралы болып отыр.

Осыған орай, мен ШЫҰ-дағы серіктестерді жаңа мүмкіндіктерді пайдалануға шақырамын.

Шығыс Азиядан Парсы шығанағы елдеріне ең қысқа жол саналатын «Қазақстан-Түрікменстан-Иран» темір жолының әлеуеті зор.

Қазақстан мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы транзиттік-көлік ынтымақтастығы қарқынды дамып келеді.

Өңіріміздегі елдердің өзара байланысын қамтамасыз етуге бағытталған перспективті жобалардың жүзеге асырылуын құптаймыз.

Біз Орталық және Оңтүстік Азия арасындағы көлік бағыттарын кеңейту, «Солтүстік-Оңтүстік» және «Шығыс-Батыс» трансеуразиялық дәліздерін дамыту жөніндегі іс-әрекеттерді қолдаймыз.

Жалпы, біз жаңа мультимодальды көлік дәліздері мен логистикалық орталықтар ашуды және қолданыстағыларын жаңғыртуды құптаймыз.

Азық-түлік және энергетикалық қауіпсіздік мәселелеріне арнайы тоқталғым келеді.

ШЫҰ мемлекеттері – әлемдегі ең ірі ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші әрі экспорттаушы елдер.

Біз ШЫҰ аймағында да, одан тыс жерлерде де ауыл шаруашылығы өнімдерінің саудасын кеңейтуді ынталандыруымыз керек.

Мемлекеттеріміздің халықаралық азық-түлік өндірісі мен жеткізу тізбегінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге қатысуы әлемдік азық-түлік нарығындағы тұрақтылықты сақтауға көмектеседі.

Сондай-ақ су ресурстарын игеру мен ұтымды пайдалануға көбірек көңіл бөлу қажет.

ШЫҰ-ның Энергетикалық стратегиясын бірлесіп әзірлеу жаһандық және өңірлік энергетикалық тепе-теңдікті қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Біз сондай-ақ Жаңартылатын энергия көздері саласындағы ынтымақтастық бағдарламасын қабылдауды өзекті деп санаймыз.

Бәріміз ШЫҰ-ға зор үміт артамыз.

Ұйым аясындағы көпқырлы және табысты ынтымақтастығымыз мемлекеттеріміздің дамуына тың серпін беретініне сенемін.

№110 (4388) 17/09/2022 Сенбі

ЕЛОРДАНЫҢ БҰРЫНҒЫ АТАУЫН ҚАЙТАРУДЫ МАҚҰЛДАДЫ

Кеше Парламент палаталарының бірлескен отырысында қабылданған шешім бойынша Нұр-Сұлтан қаласына Астана атауы қайтарылатын болды.

Елорданы қайта атау туралы бастаманы «Жаңа Қазақстан» депутаттық тобы ұсынды.

«Жаңа Қазақстан» депутаттық тобының ұсынысына Парламент палаталарының бірлескен отырысы барысында депутаттар бірауыздан «қолдап» дауыс берді.

Осыған дейін, яғни, 2 қыркүйекте «Жаңа Қазақстан» депутаттық тобының мүшелері елордаға бұрынғы атауын қайтаруды ұсынған еді.

ПРЕЗИДЕНТТІҢ ҚОЛ ҚОЮЫНА ЖІБЕРІЛДІ

Парламент палаталарының бірлескен отырысында «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдады.

Конституцияға енгізілетін өзгерістерді талқылаған соң, Мәжілістің 98 депутаты, Сенаттың 50 депутаты заң жобасын қабылдауға дауыс берген.

Құжат Президенттің қол қоюына жіберілді.

ҚАЗАҚСТАН ЖАҢА ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҮЛГІГЕ КӨШТІ

ҚР Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин Парламент депутаттары қабылдаған конституциялық өзгерістерге қатысты пікір білдірді.

Парламент қабылдаған саяси реформалардың пакеті Қазақстанның жаңа демократиялық үлгіге көшкенін білдіреді. Бұл үлгіде Президент бір мерзімге қайта сайлану құқығынсыз сайланады. Оның үстіне бұл норма өзгеріссіз қалады және қайта қарауға мүмкін болмайды.

Сондай-ақ Конституциялық сот судьяларының өкілет мерзімі президенттік және парламенттік өкілет мерзімдерінен ұзақтау болмақ.

«Бұл реформалардың пакетін бұрын іске асырылған конституциялық реформамен бірге қарау қажет: жаңа Конституциялық сот институты құрылды; бір мезгілде Парламенттің өкілеттігі кеңейіп, Президенттің өкілеті қысқартылды; аралас сайлау жүйесі енгізіліп, партияларды тіркеу рәсімін оңайлады; өңірлердің дербестігі күшеймек» деп жазды ол өзінің телеграм каналында.

Ерлан Қариннің пікірінше, енді саяси институттарды қайта іске қосу қажет. Ал ол үшін президенттік және парламенттік сайлаулар өткізу керек.

«Мұның бәрі, түптеп келгенде, мемлекеттік құрылымның институционалдық келбетін билік тармақтарының арасында барынша теңгерім қалыптастыра отырып түзеді. Жаңа мемлекеттік модель биліктің ұдайы ротациялануын, саяси жүйенің болжамдылығы мен орнықтылығын қамтамасыз етеді және тұтастай алғанда, мемлекетіміздің одан әрі дамуын тек демократиялық бастауларда, саяси бәсекелестік негізінде баянды етеді. Басқаша айтқанда, реформалардың жаңа пакеті саяси жүйенің өзгеру процесін аяқтайды. Енді барлық негізгі саяси институттарды (Президент, Парламент, мәслихаттар, Үкімет) қайта іске қосу міндеті тұр. Оның бірінші кезеңі Жолдауда жарияланған президенттік сайлау болады» деп жазды Мемлекеттік кеңесші.

ДЕПУТАТТЫҚ ТОП ТІЛЕГІ

Елорданың атын өзгерту бойынша бастаманы «Жаңа Қазақстан» депутаттық тобы ұсынды. Бұл туралы Әділет министрі Қанат Мусин айтты.

Елорда атауын өзгерту мәселесін азаматтар ұзақ уақыт бойы кеңінен талқылауда. Ол кездесулер барысында және референдум кезінде азаматтардың үндеулерінде көтерілді. Сондықтан қоғамдық пікірді ескере отырып, депутаттардың бұл ұсынысы заң жобасына енгізілді.

Өздеріңіз білесіздер, елорданың атауын өзгерту бойынша бастаманы Парламенттегі «Жаңа Қазақстан» депутаттық тобы ұсынды. Осылайша, заң жоба аясында көзделген конституциялық новеллалар Мемлекет басшысының саяси бастамалары мен депутаттардың ұсыныстарын толық көлемде іске асыруға мүмкіндік береді. Бұл саяси жүйенің мүлдем жаңа стандарттарын белгілейді, – деді Қанат Мусин.

Әділет министрі Парламенттің бірлескен отырысында «ҚР Конституциясына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» заң жобасын таныстырды.

АСТАНА АТАУЫН ҰСЫНДЫ

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының кезектен тыс сессиясында Қазақстан елордасын Астана деп қайта атау мәселесі қаралып, бекітілді. Қала әкімінің орынбасары Есет Байкеннің қатысуымен өткен жиында негізгі баяндаманы шаһардың Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Сәкен Есіркеп жасады.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

– Еліміздің астанасын, Нұр-Сұлтан қаласының атын өзгерту мәселесі – соңғы үштөрт жылдың көлемінде жиі көтерілген мәселелердің бірі. Мұны әлеуметтік желілерден, интернеттегі әртүрлі платформалардан, баспасөз беттерінен, тіпті оффлайн форматта болып жатқан әртүрлі кездесулерден өздеріңіз де естіп, көріп, біліп жүрсіздер, – деді Сәкен Есіркеп.

Оның айтуынша, осы жылдың басынан бері қалалық Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасына және қалалық ономастика комиссиясына Нұр-Сұлтан қаласын Астана қаласы деп қайта атау туралы ресми түрде 17 ұсыныс келіп түскен. Сонымен қатар Парламент Мәжілісіндегі «Жаңа Қазақстан» аталатын арнайы депутаттық топ елорданың бұрынғы атауын қайтару жөнінде үндеу жасады. Осы ұсыныстар ескеріліп, 14 қыркүйек күні өткен Нұр-Сұлтан қаласының ономастика комиссиясында мәселе талқыланып, мақұлданды. Бүгін өткен қалалық мәслихаттың қоғамдық тыңдауларында да бұл ұсыныс қолдау тапты.

Қалалық мәслихаттағы Amanat партиясы фракциясының жетекшісі Азамат Айтхожин «Астана» атауы брендке айналғанын атап өтті.

– Мен – Астана қаласының тумасымын. Халықпен кездесулерде өз басым да, өздеріңіз де қала атауы қайтадан Астана болсын деген ұсыныстарды естіп жүрсіздер. Өзім жиырма жылдан астам спорт саласында жұмыс істеймін. Қазір бізді төрткүл әлем Астана деп таниды. «Астана» велоклубы, «Астана» футбол клубы, «Астана» баскетбол клубы бүгіндері бүкіл елдің аузында. Меніңше, астанамыз қайтадан Астана атауын иеленуге лайық, – деді Азамат Айтхожин.

«Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясынан қалалық мәслихатқа сайланған Асқар Смағұлов астана атауын ауыстыру әлемдік практикада бар екенін айта келе, ұсынысты қолдады. Қазақстан халық партиясының қалалық мәслихаттағы өкілі Нұрдәулет Оразханов та қолдайтынын жеткізді. Қалалық мәслихаттың депутаты Владислав Сергеев бұл тарихи күн екенін айтты.

Сессиясы түйіндеген қалалық мәслихат хатшысы Ерлан Каналимов осы жиынның алдында өткен қоғамдық тыңдауларға Фейсбук арқылы қатысқан азаматтардың барлық пікірлері ескерілгенін жеткізді.

Енді бұл ұсыныс Үкімет жанындағы республикалық ономастикалық комиссияға жолданады.

ЖЕТІ ЖЫЛ – ЖЕТКІЛІКТІ МЕРЗІМ

16 қыркүйекте Парламенттің бірлескен отырысында Конституцияға енгізілетін бірқатар өзгерістер, атап айтқанда, Президенттікті жеті жылдық бір мерзіммен шектеу, Астана атауын қайтару және Конституциялық сот судьяларының өкілет мерзімін 8 жылға ұлғайту мақұлданды. Осылайша «ҚР Конституциясына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» заң жобасы қабылданды.

Бірлескен отырыста депутаттар бірінен соң бірі шығып, заң жобасын қолдауға үндеді. Құжат мақұлданғаннан кейін Мәжіліс спикері Ерлан Қошанов өзгерістерді «демократияға қарай нық басу» деп атады.

– Біз бүгін Парламент Палаталарының бірлескен отырысында еліміздің болашағын айқындайтын, мемлекеттік құрылымды жаңаша қалыптастыратын өте маңызды шешім қабылдадық. Қазақстан – жаңа саяси дәуірге қадам басқалы тұр. Біз сол ұзақ жолдың алғашқы қадамын бастадық. Бұған дейін бүкілхалықтық референдум арқылы қабылданған Конституциялық реформа саяси жаңғырудың негізін қалады. Ал бүгінгі қабылданған шешім сол реформалардың нүктесін қойып, мемлекетіміздің жаңа саяси модельге көшуіне жол ашады. Еліміз демократияға қарай нық бағыт алды. Мемлекеттік құрылым түбегейлі өзгереді. Солайша, біз Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың маңайына топтасып, әділетті қоғам құрып, ел байлығының халыққа теңдей бөлінуіне жағдай жасап, азаматтарымыздың әл-ауқатын арттырып, бейбіт те берекелі өмірдің орнығуын қамтамасыз етіп отырмыз, – деп заң жобасын тұтастай қабылдауды ұсынды. Нәтижесінде депутаттар оның ұсынысын бірауыздан қолдады. Осылайша, заң жобасы парламентте қабылданды деп саналды. Құжат Мемлекет басшысына қол қоюға жіберілді.

– Жеті жыл уақыт – қандай жетістікке жетуге де жеткілікті мерзім. Қазақта 7 саны қасиетті санға жататынын да ұмытпайық. Кешеге дейін «Мәжіліс сайлауы мен Президент сайлауы қашан болады?» деп шулап едік. Президент қоғам талабын екі есе орындап, екі сайлауды да жариялап еді, енді «Неге Президент сайлауы болады?» деп шыққандар да бар. Саясаткерлік – кез келген уақытта қандай сайлауға да дайын тұру. «Біз оянамыз дегенше, керуен кетіп қапты» деген байбалам саясаткерлікке жүрмейді, – деді Мәжіліс депутаты Қазыбек Иса.

Әділет министрі Қанат Мусин Мемлекет басшысын неліктен 7 жылға бір рет қана сайлау ұсынылып отырғанын түсіндірді.

– 7 жылдық кезең сайлауалды бағдарламаны, стратегиялық міндеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл – жеткілікті мерзім, біз солай ойлаймыз. Сондықтан заң жобасына мұндай норма енгізілді» деп түсіндірді ол. Сондай-ақ ол ұсынылған Конституциялық өзгерістер биліктің монополиялану тәуекелдерін едәуір төмендетеді және билікті қалыптастыру мен жұмыс істеуінің өркениетті қағидаттарын белгілейді деп есептейді. Бұдан бөлек, депутаттардың пікірінше, бір мерзімді президенттік сайлау билікке жаңа саясаткерлердің, оның ішінде жас саясаткерлердің келуіне жол ашады.

Марат МҰСТАФИН,
Нұр-Сұлтан қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі:

ТАРИХИ ШЕШІМДІ ҚОЛДАЙМЫН

– Бұған дейін Мәжілістегі «Жаңа Қазақстан» депутаттық тобының мүшелері «Нұр-Сұлтан» қаласының атауын «Астана» қаласы деп өзгерту мәселесін көтерген болатын.

Еліміз бүгінгі таңда мемлекеттілігін нығайту жолында жаңа кезеңді басынан өткізуде. Бұл үрдістер үнемі жалғаса бермек. Азаматтық қоғамның талап-тілегі, халық үні әркез ресми билікпен еленуі тиіс. Соңғы кездері қоғамымызда қызу пікір-талас тудырып жүрген сондай өзекті тақырыптардың бірі – елорда атауын бұрынғы қалпына қайта келтіру еді. Депутаттардың халықпен кездесулері барысында да, елорданың Қоғамдық кеңесі мүшелерінің биылғы жазда референдум тұсында қала тұрғындарымен өткізген кездесулерінде де бұл мәселе жиі айтылған болатын. Мәжілістегі «Жаңа қазақстандық» депутаттар «Астана» атауын қайта қалпына келтіру – көпшіліктің талап-тілегі екені туралы Президентті хабардар етті.

Міне, енді, депутаттар бастамасы Мемлекет басшысының келісімімен Конституциялық заң жобасына енгізілген. Қазақстан Республикасының Конституциялық кеңесі негізгі заңға Мемлекет басшысы мен мәжіліс депутаттары ұсынған өзгерістерді, оның ішінде елорданың атауын өзгертуге қатысты норманы мақұлдады.

Мен, өз басым және елорда қоғамдық кеңесінің мүшелері – әріптестерім, тарихи шешімді қолдай отыра, ел Президенті Қ.К.Тоқаевтың «азаматтық қоғамның талап-тілегін іс жүзінде тыңдай алатын мемлекет» құрып жатқанымызға, елорда халқы бір ауыздан аталған шешімді қолдайтынына сенімізміз мол.

Қарақат ӘБДЕН,
Нұр-Сұлтан қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі:

АСТАНА – ТАНЫМАЛ БРЕНД

– Қаланың атауы халықтың көңілінен шығуы тиіс. Әсіресе, бас қаланың атауы әрбір тұрғынның көңіліне жақын болғаны жақсы. Жасыратыны жоқ, Нұр-Сұлтан қаласын «Астана» деп атайтындар көп. Шетелдіктерге де елорданың алғашқы атауы жақын. Өйткені Астана – танымал бренд.

Тарихта мұндай жайттар жиі болатынын түсінуіміз керек. Мәселен, Санкт-Петербор, Берлинді мысалға келтірсек болады. Ең маңыздысы – тұрғындардың көзқарасы.

Әлеуметтік желіде де бұл ұсыныс көптеген адамнан қолдау тауып отыр. Президент аз уақытта ахуалды саралай білді. Қаланың атауы халықтың көңілінен шығатындай болуы керек.

Мемлекет басшысының халық үніне құлақ асуы – «Еститін мемлекет» тұжырымдамасын нақты іске асырудың бастамасы ретінде қабылдаймын.

Қазбек МАЙГЕЛДИНОВ,
Қазақстандық қоғамды дамыту институтының басқарма төрағасы, саясаттанушы:

САЯСИ ТҰРАҚТЫЛЫҚ НЕГІЗІ

– Президентті 7 жылға бір мерзімге ғана сайлау – саяси монополия нәтижесінде пайда болатын олигархаттың алдын алу жолы. Кезектен тыс сайлаудың өткізілуі бірнеше факторға байланысты, біріншіден, Мемлекет басшысы атап өткендей, бұл саяси монополияның алдын алу үшін жасалып отыр. Екіншіден, алдағы уақытта Президент бір мерзімге ғана сайлану арқылы 7 жылдық мандат алады. 7 жылдың ішінде қандай да бір реформаны бастап, түпкілікті аяқтауға жететін уақыт деп қарау керек. Бұл – ТМД елдерінде бұрын-соңды болмаған қадам. Президенттің 7 жылға сайлануы Конституция нормасына сай және ол елдегі саяси тұрақтылықты сақтауға септігін тигізеді. Себебі кезектен тыс сайлау өтпеген жағдайда 2024 жылғы сайлауда Президент 5 жылға сайланып, президенттік мерзім 2029 жылы аяқталар еді. Ал 7 жылға биыл сайланса, онда сол 2029 жылдың межесіне жетеді. Президенттік мерзімін 7 жылға созу бастау алған реформаларды аяқтау үшін жасалып отыр. Бір жағынан, саяси тұрақтылық үшін жасалады.

№110 (4388) 17/09/2022 Сенбі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 1-қыркүйек күні Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Автожол құрылысына, соның ішінде жергілікті жолдардың сапасына баса мән беру керек. Бюджеттен қыруар қаржы бөлінсе де, бұл мәселе әлі шешімін таппай отыр. Мен 2025 жылға дейін жергілікті жолдардың кемінде 95 пайызын жақсарту жөнінде тапсырма бердім. Үкімет бұл мәселені тікелей бақылауға алсын. Жол құрылысындағы заңсыздықтарды анықтау қажет. Бұл жұмыстан нақты нәтиже шығару керек» деп атап көрсетті.

ЖОЛ ЖӨНДЕЛМЕЙ, ЕҢСЕ ТҮЗЕЛМЕЙДІ

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Мемлекет басшысы бұл мәселені бірінші рет қозғап отырған жоқ. Өткен жылы сәуір айында да осы мәселеге арнаулы тоқталып, «2019 жылдан бастап еліміз бойынша жол салуға жыл сайын республикалық бюджеттен 50 миллиард теңге бөлінген. Бірақ нәтиже жоқ. Жөнделген жолдың көбі бір жыл өтпей жарамсыз болып қалады. Астанада бас көшелер жыл аралатып жөнделсе, шеттегі жолдар шұрқ-тесік. Мердігерлер өздерінің кепілді міндеттемелерін қалай орындап жатыр? Жол жасау жұмысына ұзақ жылдар бойы тек белгілі бір мердігерлер ғана қатысатыны қалай?! Бұл сұраққа Үкімет жауап беруі керек» деп салмақты мәселені қозғаған болатын. Сондай-ақ жұмысы аш ішектей созылып, не бітпейтін, не тоқтамайтын жолдарға қатысты қатаң сын айтып, жауапты тұлғаларды жұмысынан да босатқан.

ЖОЛ ЖҰМЫСЫ ЖҮРМЕЙ ТҰР

Жол – ел экономикасына қан жүгіртетін қантамыр. Өндірісің өркендеп, шаруашылығың шалқып, туристік орындарың қанша керемет болса да, жолы нашар, қатынасы қолайсыз болса, бәрінің күні қараң. Жерінің ол шеті мен бұл шетіне ұшқан құстың қанаты, жүгірген аңның аяғы талатын Қазақстан үшін де жол мәселесі аса өзекті. Кеңес Одағы кезінде біраз жолдар салынғанымен, қазақ жерінде жол жетпеген өңірлер жетерлік еді. Салынған жолдар көп уақыт күтім көрмегендіктен, Қазақстан тәуелсіздікке де қырық шоқпыт, қиқы-шойқы жолмен жетті. Сондықтан жол мәселесі еліміз экономикасын өркендетудегі басты тетік болатын. Сол себепті еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін баса назар аударған бір мәселе жол салу, өңірлерді автожолдармен, темір жолдармен тұтастыру болды. Алайда Қазақстанда жыл сайын жол салынғанымен, көп жолдың сапасы сын көтермейді. Себебі мемлекет қазынасынан миллиондап, миллиардтап бөлінген қаржының дені ұстағанның уысында, тістегеннің аузында кетеді. «Жол активтерінің ұлттық сапа орталығы» басшыларының мәліметінше, жыл сайын республикалық қазынадан, жергілікті бюджеттен және қаржы институттарынан бөлінетін қаржыны қосқанда 700 млрд теңге осы салаға жұмсалады екен. Алайда осынша қаржы жұмсалғанымен, көп жолдың кемшілігі жетерлік. Дүниежүзілік экономикалық форумның рейтингінде 2014 жылы Қазақстан жолдың сапасы жағынан әлем бойынша 117-орында болса, 2017 жылы 115-орынға, 2020 жылы 93-орынға жайғасты. Демек, біз «дамыған 30 елдің қатарына кіреміз» деп мақсат еткенімізбен, жолымыздың сапасы елдің дамуынан 3 есе кейін қалған. Мәселен, Батыс Қазақстан облысындағы жолдардың 70 пайызы сапасыз болса, басқа облыстарда да ақаулы жолдар аз емес. Оның үстіне, жолымыздың сапасыздығы экономиканың дамуына тұсау болып қана қоймай, жол апатының көптігіне себеп болып отыр. Елімізде жыл сайын 10 мыңнан астам адам жол апатынан бақилық болады екен. Осыған байланысты Президент жол апатының жиілеуіне алаңдаушылық білдіріп, жауапты орындарға тапсырма да берген.

Өткен жылдағы дерек бойынша елімізде автожолдардың жалпы ұзындығы 96 мың шақырымды құрайды. Оның ішінде 25 мың шақырымы республикалық маңызы бар болса, 71 мың шақырымы – жергілікті жолдар. «2021-2025 жылдар аралығында автожол саласында республикалық маңызы бар 12 мың шақырым автожол салынып, реконструкцияланады» деп жоспарланған. Демек, жолымыз ұзарды, енді сапасын көтеріп, жол жасайтын уақытты қысқартсақ, болғаны. Алайда жол салуға кесе көлденең болатын кедергілер бұл саланың жұмысын мандытпай тұр.

ЖОЛ НЕГЕ УАҒЫНДА БІТПЕЙДІ?

Қазақстандағы жолға қатысты мәселенің бірі – жол салу жұмысының ұзаққа созылып, уағында аяқталмайтындығы. Мәселен, жүргіншісі ең көп, еліміздегі аса маңызды жолдардың бірі «Нұр-Сұлтан – Алматы тас жолының» (Қарағанды – Балқаш, Балқаш – Алматы) және Шығыс Қазақстан облысына қарасты «Қалбатау – Майқапшағай», «Талдықорған – Өскемен» тас жолының салынып жатқанына бірнеше жыл болды. Әрі-бері жүрген жолаушылар ақ шаңы аспанға шыққан жолмен жүріп зықысы шықты. Жұрттың жанайқайы Мемлекет басшысының құлағына да жетсе керек, «Бұл жол елордамызды 8 миллионнан астам тұрғыны бар оңтүстік өңірлермен байланыстырады. Жұмыс қарқынын күшейтіп, осы жолды 2023 жылы пайдалануға беруді тапсырамын. Шын мәнінде, жол салу және оны жөндеу жұмыстары сапасыз атқарылып жатқанын мойындаған жөн» деп Мемлекет басшысы «Нұр-Сұлтан – Алматы» автожолын жөндеу жұмыстарын да тоқталып, «Бізде әлі күнге дейін битум тапшы. Бұл – ірі көлемде мұнай өндіретін ел үшін, тіпті ұят жағдай» деген еді.

ҚР Энергетика министрі Болат Ақшолақовтың айтуынша елімізде 3 өңірде битум өндірісі бар. «Қазақстан аумағы 3 аймаққа бөлінген. Батыс өңірлер бойынша өндіру жылына 500 мың тонна болған кезде, ең төменгі қажеттілік – 191 мың тонна деңгейінде. Солтүстік-шығыс өңірлерде 308 мың тонна қажеттілік өзінің жылына 300 мың тонна өндіруі көлемімен жабылады. Оңтүстік өңірлер бойынша өндіру жылына 374 мың тонна болған кезде, ең жоғары қажеттілік – 602 мың тонна шамасында. Қазақстан Республикасының битумға деген жалпы қажеттілігі 1,1 млн тоннаны құрайды» деді Болат Ақшолақов Үкімет отырысында. Сонымен қатар ол битум өндірісін ұлғайту мәселесіне тоқталды.

– Жұмыс істеп тұрған зауыттарды қосымша жүктеу есебінен елдегі битумның жиынтық өндірісін жылына 1,2 млн тоннаға дейін ұлғайтуға мүмкіндік бар. CaspiBitum Қаражанбас мұнайын өңдеу есебінен жылына 500 мың тоннаға дейін (+94 мың тонна), ал Qazaq Bitum Ресей гудронының импорты есебінен жылына 374 мың тоннаға дейін (+200 мың) жеткізеді, – деді ол. Дегенмен, министрдің «Битумның өндіріс көлемін Ресей шикізатының есебінен арттырамыз» деген ойын түсіне алмадық. Себебі битумды да шетелден алсақ, Президенттің сөзімен айтқанда, «ірі көлемде мұнай өндіретін ел үшін, тіпті ұят жағдай» емес пе?!

АҚЫЛЫ ЖОЛ – ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ

Жол салынғаннан кейін оны күтімдеу де – басты тақырып. Осы тұрғыдан алғанда, елімізде ақылы жолдарды көбейтудің мәні зор. Бұл жөнінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та пікір білдіріп, «Автомобиль жолдарының сапасы елдің көлік әлеуетін арттыруда шешуші рөл атқарады. Бұл ретте, жолдарды жөндеу сапасы бұрынғысынша әділ сынға ұшырап жатыр. Бұл әсіресе ақылы жолдарға қатысты өзекті мәселе. Ақылы жолдарды енгізу – бұл бүкіләлемдік тәжірибеге сәйкес келетін дұрыс шешім. Мұндай үлкен елде тек бюджет есебінен ғана жол салу мүмкін емес. Сонымен қатар, Қазақстан транзиттен ақша табуға тиіс. Бірақ бұл үшін мұндай жолдардың сапасы жоғары болуы және жол бойындағы мінсіз қызметті қамтамасыз ету маңызды» деген болатын.

Әрине, ақылы жолдың артықшылығы көп. Оның жолды күтімдеудегі, жолаушыларға қызмет көрсетудегі, сондай-ақ апаттан құтқарып, ажалдан арашалау жағындағы тиімділігі әлдеқашан дәлелденген. Осыған байланысты әлемдегі көптеген мемлекеттер ақылы жолдарды көбейту үстінде. Қазақстан да бұл жағында қатардан қалмай келеді. Қазіргі таңда елімізде 11 ақылы жол бар. Сондай-ақ 2023 жылдың соңына дейін 5 мың шақырым автожолды ақылы жолға айналдыру жоспарланған. Демек, Қазақстанда ақылы жолдар саны жыл сайын артып келеді. Одан түсетін қаржы да қомақты. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің мәліметінше, 2020 жылы 4 ақылы жолдан 5,71 миллиард теңге қаржы жиналған. Әрине, сапалы жол салып, одан ақы алу арқылы жолды ұстап тұру немесе жаңа жол салуға қаржы жинау – дұрыс қадам. Бұл тек Қазақстан ғана емес, бүкіл әлем қолданып, игілігін көріп отырған жоба деп айтуға болады. Мәселен, көрші ел Қытайдағы жолдардың көбісі ақылы. «Қарыз алып жол жасап, ақы алып қарыз қайтарамыз» деген ұранды ақы алу орындарының маңдайшалығына жазып қойған Қытайда ең арзан жолақысы он юаньнан (650 теңге) басталады. Жол ұзарған сайын ақы да артып отырады. Үрімжіден 200 шақырым жердегі Шонжы ауданына дейін 60 юань, яғни 3900 теңге алады. Ал Қазақстанда жолақы өте арзан. Жеңіл көліктерге шақырымына 1 теңге, салмағы 15 тоннадан асатын жүк көліктері әр шақырым үшін 25 теңге төлейді. Тариф 2013 жылы бекітілді, содан бері жол бағасы өзгерген жоқ. Мәселен, астанадан 200 шақырым жердегі Бурабайға дейін небәрі 300 теңге ақы алынады. Бұл басқа елдермен салыстырғанда су тегін арзан.

Қысқасы, жолы жақсы елдің болашағы да жарқын. Жол сапасы жақсармай, ел экономикасы да өркендемейді. Ойлы-шұңқыр жол – уақыттың жауы, ал уақыт – алтын.

> Өткен жылдағы дерек бойынша еліміздегі автожолдардың жалпы ұзындығы **96** мың шақырымды құрайды. Оның ішінде **25** мың шақырымы республикалық маңызы бар болса, **71** мың шақырымы – жергілікті жолдар. «2021-2025 жылдар аралығында автожол саласында республикалық маңызы бар **12** мың шақырым автожол салынып, реконструкцияланады» деп жоспарланған. Демек, жолымыз ұзарды, енді сапасын көтеріп, жол жасайтын уақытты қысқартсақ, болғаны. Алайда жол салуға кесе көлденең болатын кедерігілер бұл саланың жұмысын мандытпай тұр

Ерлан КАНАЛИМОВ,
Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының хатшысы:

Тұрғын алаптардағы 30 көшенің құрылысы аяқталу үстінде, 20 көшенің жұмысы әлі басталған жоқ. Кейбір көшелер әлі де асфальтталмаған. Аудан әкімдіктеріне елорда маңындағы жолдардың құрылысы мен жөндеу жұмыстарына талдау жасауды тапсырдым. Жол-көлік инфрақұрылымын дамыту мәселелеріне арналған жиында жаңа жолдарға белгілерді уақытылы орнатуға, алдағы маусымдарға асфальт пен битум сатып алу және сақтау мәселелерін қарастыруға баса назар аудару қажет.

Біз тағы да әлеуметтік нысандарға – мектептерге, балабақшаларға, медициналық мекемелерге апаратын жолдарды салу және ретке келтіру мәселесіне қайта оралдық. Бұл, әсіресе, №1 және 2 балалар ауруханасына қатысты, жедел жәрдем көліктері шұңқырларды айналып өтіп, медициналық көмекке мұқтаж жандарды әкелу үшін кептелісте тұруға мәжбүр. Әкімшілік полиция басқармасына шамадан тыс жүк тиеп, асфальт төсеніштерін жарамсыз ететін ауыр көліктерге, бетон араластырғыштарға қатысты жағдайға баса назар аударуды тапсырдым. Елордада салынып жатқан жолдардың сапасына қалалық мәслихаттың жеке отырысын арнаймыз.

№110 (4388) 17/09/2022 Сенбі

АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫ ҚАЛАЙ ТҰРАҚТАНДЫРЫЛАДЫ?

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Елордада келесі жылы екі коммуналдық базар ашылмақ. Сондай-ақ сатылып кеткен «Шапағат» базары коммуналдық меншікке қайтарылмақ. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қаласы Қоғамдық кеңесінің әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағаларын тұрақтандыруға арналған отырысында баяндалды.

БАКАЛЕЯ ӨНІМДЕРІ ҚЫМБАТТАДЫ

Бұл бағытта бас қалада атқарылып жатқан жұмыстармен қалалық Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы басшысының орынбасары Қуаныш Сапаров таныстырды. Оның айтуынша, елорданы әлеуметтік маңызы бар азық-түлікпен негізінен елдің кәсіпорындары қамтамасыз етіп отыр. Бірақ сырттан да тасымалданатын тауарлар бар.

– Ұлттық статистика бюросының мәліметтері бойынша жыл басынан бері басқаларға қарағанда бакалея өнімдері қатты қымбаттаған. Соның ішінде қант 63,8 пайызға, рожки 53,1 пайызға, қарақұмық 52 пайызға қымбаттады. Көкөністі айтқанда, жыл басынан сәбіз бағасы 33,3 пайызға, пияз 27,5 пайызға, картоп 16,7 пайызға өсті. Азық-түлік бағасы бүкіл әлемде қымбаттап жатқанын атап өту керек. Оның басты себептерінің бірі – Украина аумағындағы қақтығыс. Сол себептен логистикалық, тауар өндіру желілерінде дағдарыс туындады, – деді Қуаныш Сапаров.

Баяндамашының сөзінше, сыртқы және ішкі факторлар әсерін жою үшін елордада кәсіпкерлерге займдар беріледі. Бюджеттен бұған 14 млрд теңге бөлініп, 41 мың тоннадан астам өнім бойынша келісімшарттар жасалды.

– Азық-түлік бағасының өсуін болдырмау мақсатында жүйелі түрде бірқатар шараларды қолға алдық. Қазір «Магнуммен» әлеуметтік жобаны іске қосу жөнінде келісімге келдік. Бірінші кезеңде бұл атаулы әлеуметтік көмек алатындарға қатысты болады. Бұл – 2666 отбасы немесе 16 мың 400 адам. Осы азаматтар жеке куәліктерін көрсетіп, «Магнумнан» біз бекіткен бағамен азық-түлік сатып ала алады. Бұдан бұрын жеке әлеуметтік картаны енгізгіміз келген. Бірақ талқылау барысында оны алып тастадық, – деді басқарма басшысының орынбасары.

10 ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ

Азық-түлік бағаларына мониторинг жүргізу мақсатында Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы аудандардың әкімдіктерімен бірге жұмыс тобын құрып, оған қалалық мәслихат депутаттары кіргенін айтқан ол қазір үй жанындағы дүкендер тексеріліп жатқанын жеткізді. Азаматтардың өтініштерімен жыл басынан 24 дүкен тексерілген екен. Бағаны шекті бағадан асырғандарға ескерту берілді. Бір нысанда екінші қайтара осындай жағдай анықталса, 10-нан 300 АЕК-ке дейін айыппұл салынады.

Биылғы 11 маусымнан ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі маусымы басталғанын атап өткен баяндамашы 28 тамыздан бері «Астана Арена» стадионы, Тұран, 48 мекенжайында өңірлердің тауар өндірушілері және жергілікті кәсіпкерлер азық-түлікті сатып жатқанын жеткізді. Осы уақытқа дейін Түркістан, Жамбыл және Қызылорда облыстарының үш жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Азық-түлік бағасы нарықтағы бағадан орташа есеппен алғанда 10-15 пайызға төмен бұл жәрмеңке қараша айына дейін жалғасады.

– Бұған қоса, жыл бойы өтетін жәрмеңкелер бойынша төрт жобаны жүзеге асырып жатырмыз. Оның алғашқысы Сарыарқа ауданында Жеңіс, 66 мекенжайында іске қосылды, – деді Қуаныш Сапаров.

Оның айтуынша, елорданы азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін агроөнеркәсіптік кешенде жалпы сомасы 51 млрд теңгеден асатын 10 инвестициялық жоба қолдау тапты. Атап айтқанда, екі көтерме-тарату орталығы, екі жылыжай, бір көкөніс сақтау қоймасы, бір өндірістік-тамақтану кешені, бір кондитерлік өнімдерді өндіретін кешен, тамақтану өнімдерін өндіретін зауыт, ет өңдейтін зауыт. Бұл жобаларды 2024 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланған.

КОММУНАЛДЫҚ БАЗАРЛАР АШЫЛЫП, «ШАПАҒАТ» ҚАЙТАРЫЛАДЫ

Қоғамдық кеңес мүшесі Төлеген Қуанышев бас қалада бұрын коммуналдық кәсіпорындар желісі болғанын айта келе, олардың артықшылықтарына тоқталды.

– Бұл коммуналдық кәсіпорындар сауда орындарын төмен бағамен жалға беретін. Соған сай өнімдер де басқаларға қарағанда арзан бағамен сатылатын, – деген Төлеген Қуанышев қазір қалада сондай қанша коммуналдық кәсіпорын барын сұрады.

Қуаныш Сапаров коммуналдық базарлар мәселесі өзекті болып отырғанын мойындап, қазір басқа механизмдер бойынша жұмыс істеп жатқандарын жеткізді.

– Біз сауда желілеріне, соның ішінде қаладағы ең ірі сауда желілерінің бірі, жетпістен астам сауда орны бар «Магнумға» займ береміз. Соның аясында олар белгілі бір уақытқа әлеуметтік маңызы бар деп саналатын 19 азық-түлік түрінің бағасын ұстап тұрады. Бұл баға бізбен жасалған келісімшартында көрсетіледі. Бұған қоса, қалаға жақын орналасқан Ақмола, Павлодар, Қарағанды облыстарының тауар өндірушілермен жұмыс істейміз. Осы облыстармен көктемде 20 мың тоннадан астам көкөніс жеткізу бойынша келісімшартқа отырдық, – деді Қуаныш Сапаров.

Оның айтуынша, қазір қалада коммуналдық базарлар жоқ. Бірақ 10 инвестициялық жоба аясында келесі жылы екі осындай базарды ашу жоспарланған.

– Бізде «Шапағат» коммуналдық базары болды. Бірақ жекешелендіру жоспарына сәйкес ол 2019 жылы сатылып кетті. Соған қарамастан осы нысандағы әлеуметтік тауарларды сатуға арналған 10 орынды 10 жыл мерзіміне тегін беру міндеттілді. Осы орындарда әлеуметтік тауарлар бағасын 10 пайыз үстемеден асыруға болмайды, – деді Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы басшысының орынбасары.

Жиынға қатысқан «Astana» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясының басқарма төрағасы Еркеғали Әлімқұловтың айтуынша, «Шапағат» иелері тиісті міндеттемелерді орындамағаны үшін сотқа беріп, базарды коммуналдық меншікке қайтару туралы шешім шығарылды.

«ПРИГОРОДНЫЙДА» ЖӘРМЕҢКЕ НЕГЕ ТОҚТАДЫ?

Қоғамдық кеңес мүшелері өңірлердің жәрмеңкесі сол жағалауда ғана ұйымдастырылып, оң жағалау тұрғындары ескерілмегенін айта келе, мұның жайын сұрады.

– Екі-үш жыл көлемінде өңірлердің жәрмеңкесі «Қазақстан» спорт кешені жанында өтетін. Спорт кешенін жаңғырту жүргізіліп жатқандықтан, сол жерде жәрмеңке өткізу ыңғайсыз болып тұр. «Хан шатыр» автотұрағында да жәрмеңкелерді өткізетін едік. Бірақ сол аумақтағы жер телімі жекеменшікте, иесі бізге рұқсат бермеді. Келесі жылы өңірлік жәрмеңкелерді Байқоңыр ауданында өткізуді қарастырып жатырмыз. Себебі жәрмеңкеге ауқымды аумақ, бұған қоса көліктерді қоятын орын керек, – деді Қуаныш Сапаров.

Қоғамдық кеңес мүшесі Марат Мұстафин өткен жылдың желтоқсан айында «Пригородный» тұрғын алабында базар ашылғанын, ол өте жақсы жұмыс істегенін, онда зейнеткерлер мен тұрмысы төмен адамдарға азық-түлікті төмен бағамен сатып алуға жағдай жасалғанын, өзі де бірнеше рет сонда барғанын айта келе, осы базардың қазіргі жайын сұрады.

– Иә, былтыр «Пригородныйда» жәрмеңке өткізуді бастадық. Оның операторы «Astana» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы болды. Мұнда 2 мың шаршы метрге жуық аумақ 60 сауда орнына арналды. Бағаны жалға алу есебінен өсірмеу үшін орынды тегін бердік. Бірақ оның жартысы ғана толатын, шамамен алғанда, 30 кәсіпкер сауда жасайтын. Азық-түлік алуға да өте аз адам келетін. Сондықтан биыл бұл жәрмеңкені тоқтаттық. Қазір осы орынды дамытатын инвестор іздеп жатырмыз, – деді Қуаныш Сапаров.

«МАГНУМ» МЕН «СМОЛЛДАҒЫ» АЙЫРМАШЫЛЫҚ

Жуырда қалалық Қоғамдық кеңес мүшелері бірқатар сауда орындарын аралап, бағаны тексерді. Содан тиісті талдау әзірленді. Оның қорытындыларымен кеңес мүшесі Бауыржан Смайылов таныстырды.

– Тексеріс қорытындысында сауда міндеттемелері сақталмағаны анықталды. «Магнум» желісі «Маслозавод №1» сүйық майының литрін 999 теңгеден сатып жатыр. Бірақ белгіленген баға – 790 теңге. Яғни, 209 теңгеге немесе 26,4 пайызға қымбат. 1300 теңге болып бекітілген «Курочка Ряба» атты тауық санының келісі 1500 теңгеден саудаланды, – деген Бауыржан Смайылов 1-сортты ұннан пісірілген нан да артық бағамен сатылып жатқанын жеткізді. Оның айтуынша, «Анвар» сауда желісі де тиісті міндеттемелерді орындамаған. Кейбір тауарлардың сапасы да нашар. Мәселен, «Магнум» мен «Анварда» сатылған картоп жеуге келмеген.

– Бағаны тұрақтандыруға бағытталатын бюджет қаржысы да тиімді жұмсалып жатқан жоқ. Мәселен, «Магнумға» займ беріледі. Ал «Смолл» бұл бағдарламаға қатыспайды. Бірақ баға әркелкі, «Магнумда» қымбаттау. «Магнумға» 3 миллиард теңге несие беріледі, «Смоллға» бір тиын да бөлінбейді. Қазір бас қалада 1 миллион 200 мың адам тұрады. Соның 168 мыңы немесе 14 пайызы әлеуметтік әлжуаз топтарға жатады. Осыларға көмек беру жайын ойлау керек, – деген Бауыржан Смайылов сөзін нақты мысалдармен дәйектеді.

Қоғамдық кеңес мүшелері «Astana» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы мен қалалық Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы тарапынан әлеуметтік азық-түлік бағаларына бақылау жоқтығын немесе нашарлығын, кейбір сауда желілері бағаны көрсетпейтінін атап өтті. Тиісті ұсыныстарын айтты.

№110 (4388) 17/09/2022 Сенбі

ЖАҢА САЯБАҚ ЖАЙҚАЛАДЫ

Елордада Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары жаңа саябақтың капсуласын салды. Жаңа саябақ Бейбітшілік және келісім саябағы деп аталады және Есіл өзенінің бойында бой көтереді.

Ағаш отырғызуға Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев, елорда әкімі Алтай Көлгінов, әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VII съезінің делегаттары, еріктілер және қала тұрғындары қатысты.

Елорда әкімдігінің урбанистика орталығы хабарлағандай, жобаның басты идеясы – «Өмір ағашы» монументі. Бұл құрылым күмбез түрінде жасалады, оның ортасында емен ағашы орналасқан. Маңайы ағаш шиыршықпен өріліп, фонтанмен бірге үйлесім тауып, құлпырып тұр.

Бүгін Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VII съезі делегацияларының санына сәйкес «Өмір ағашы» монументінің айналасына 60-тан астам ағаш отырғызылды.

«Концептуалды табиғи-рекреациялық аймақ құру әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезіне орайластырылған. Парк тұжырымдамасы Қазақстандағы түрлі конфессиялар мен ұлттар арасындағы ынтымақтастықты, достық пен бірлікті білдіреді. Идеяға сәйкес, ғасырлар бойы тамыр жайған су мен өмір ағашы жер бетіндегі тіршіліктің жалпыадамзаттың құндылығын бейнелейді. Осылайша, инсталляция барлық конфессиялардың келісімге, бейбітшілік пен достыққа шақыруын білдіреді.

Күмбез өз кезегінде бір аспан астындағы әлемді бейнелейді. Онда әлемнің 4 жағын – Оңтүстікті, Солтүстікті, Батысты, Шығысты бейнелейтін 4 кіру аймағы болады» деді елорда әкімдігі урбанистика орталығының басшысы Елнар Базыкен.

«Бүгін керемет іс-шара болды. Біз тек ағаш отырғызып қана қоймай, бірнеше ұрпақ бас серуендейтн жаңа саябақтың капсуласын салдық. Қазақстанда түрлі дін өкілдері бірлік пен бейбітшілікте өмір сүреді. Ұйымдастырушыларға жылы шыраймен қарсы алғаны үшін алғыс айтамын» деді БАӘ Ислам және Уақыфтар істері жөніндегі Бас басқармасының төрағасы Мұхаммед Матар Салим әл-Кааби.

Парктің құрылысын аяқтау және оны пайдалануға беру 2023 жылға жоспарланып отыр.

ЖАЛҒЫЗ АҒАШ ОРМАН ЕМЕС

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Бас қаланың айналасында 60 мың гектар, қала ішінде тағы 20 мың гектар аумаққа ағаш егілді. Бүгінгі таңда қаланың маңайындағы орман көлемі 100 мың гектарға жетіп отыр. Онда 9 миллион 600 мыңнан астам ағаш пен 1 миллион 800 мың бұта отырғызылған.



Қостанайдағы өрт еліміздің орман қорғау саласындағы біраз былықтың бетін ашып, орман қорғау жұмысының тұралап тұрғанын анық аңғартты. Оның үстіне, өрттің бір уақытта бірнеше жерден басталуы, сондай-ақ бір аптаға жетпейтін уақыт ішінде 5-6 облыста қатарынан өрт кетуі көп көңіліндегі күдікті күшейтті. Бұл жолғы өрт орман өртінен сақтану жағындағы кемшіліктердің де бетін ашты. Атап айтқанда, орман қорғау мекемелерінде қызметкер жетіспейді, жалақы тым төмен болғандықтан, 75000 теңгеге көп адамның жұмыс істегісі келмейді. Елімізде 2016 жылдан бастап орманшылардың жалақысы өседі деген ақпарат тараған. 2017 жылы «Орман шаруашылығы қызметкерлерінің еңбекақысын 25 пайызға көтеру нормасы 2019 жылдан бастап күшіне енеді» деп мәлімдеген еді ҚР АШМ Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті төрағасының орынбасары Қайрат Үстеміров. Міне, содан бері 5 жыл уақыт өтті, орманшылар әлі 75000 теңгемен жүр. Айтылған уәде, бөлінген қаржы қайда?! Қостанайдағы өрттен кейін де құзырлы орган өкілдері «орманшылардың жалақысын өсіреміз» деп тағы да уәде берді. Бұл жолы да «басы таудай, аяғы қылдай» болып шықпаса болғаны.

Бұл жолғы өрт сөндіру техникаларының көбі ескі, аяқ астынан өрт шықса, дереу ауыздықтауға қауқарсыз екенін де анық аңғартты. Төтенше жағдайлар министрлігінің мәліметінше, өткен жылдың алғашқы жартысында ел көлемінде 700-ден артық өрт шықса, биыл бұл көрсеткіш 800-ден асып кеткен. Демек, өрт жылдан жылға азайғаны сол, керісінше көбейіп барады. Өйткені адам күші, техника жетіспегеннен кейін өрттен сақтану, алдын алу шаралары да ойдағыдай атқарылмайды.

Қазақстан – орманы аз елдердің бірі. Жасанды орман көлемі де мардымсыз. Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің мәліметтеріне сәйкес, 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша орманды алқап, ел аумағының небәрі 5%-ын ғана ұстайды.

Осы тұрғыдан алғанда, астананың жасыл белдеу аумағын қалыптастыру мақсатында 100 мың гектар алқапқа орман егу ұлт үшін де, ұрпақ үшін де өте игілікті бастама деп атауға болады.

Елорда айналасын қоршай бой көтерген «жасыл белдеу» қаланың таза ауамен тыныстауына мүмкіндік беретін «өкпесіне» айналды. 1997 жылдан бері «жасыл белдеу» аумағы кеңейді, жыл сайын тал отырғызылып, құстар мен жан-жануарға қолайлы орта жасалды. Бастапқыда «жасыл белдеу» құру идеясы елорданы желден қорғауды және қолайлы экологиялық орта жасауды мақсат еткен еді.

Бас қаланың айналасында 60 мың гектар, қала ішінде тағы 20 мың гектар аумаққа ағаш егілді. Бүгінгі таңда қаланың маңайындағы орман көлемі 100 мың гектарға жетіп отыр. Онда 9 миллион 600 мыңнан астам ағаш пен 1 миллион 800 мың бұта отырылғызған.

«Жасыл белдеу» шеңберінде «Жасыл аймақ» РМК аумағы 8 орманшылыққа бөлінген: «Қызылжар», «Ерейментау», «Аршалы», «Вячеслав», «Бозайғыр», «Астана» және «Батыс». Бұл учаскелердің барлығы елорданы қоршап тұр.

Ендігі біздің мақсатымыз – осы жасыл желекті қорғап, келешектің игілігіне жарату.

Ерекше ескеретін бір түйін, елімізде орман шаруашылығы мен жеміс-жидек өндірісін ұштастыра дамытудың келешегі зор. «Қазақстан – алманың отаны, қызғалдақтың отаны» дегенімізбен, гүл де, жеміс те шетелден импорт етіледі. Осының өзінен біздің елдің «шөбін тартсаң май шығатын, қазық қақсаң, тал шығатын» тусыған даласын дұрыс пайдалана алмай отырғанын аңғаруға болады. Осы тұрғыдан алғанда, бізге де орман қорғаудың, жасанды орман белдеуін қалыптастырудың кешенді жоспары керек. Мәселен, орманы оталып, экологиялық жағдайы күрт нашарлап кеткен көршіміз Қытай елі соңғы жылдары «ағаш егіп, орман отырғызу» деген бағдарлама арқылы елдің экологиялық ортасын түбегейлі жақсарта бастады, жасанды орман өсіру жағынан дүниенің алдыңғы легіне шығып, тақыр тауларды жасыл алқапқа айналдырды. Тұрғындар өзіне тиесілі жерлерге, атап айтқанда, есігінің алдына, егіс атызына ағаш егіп, орман өсірсе оған қосымша қаражат беру әдісін атқарды. Осының нәтижесінде көптеген алқаптар орманды өңірге айналды. Ал біздің елде атызға ағаш екпек түгілі, ауласына ағаш егетін тұрғындар аз. Бұл да – ойланатын жағдай.

Экономикалық пайдасымен қатар ағаштың адам денсаулығына да пайдасы мол екендігі баршамызға мектеп қабырғасынан белгілі. Мәселен, фотосинтез процесінде ағаш пен бұта-бүргендердің жапырақтары шаң-тозаңның 72 пайызы мен күкірт қос тотығының 60 пайызын сіміріп, бактерияларды өлтіретін биологиялық белсенді заттарды бөліп шығарады екен. Үндістанның Калькутта университетінің профессорлары 50 жыл көктеген бір ағаштың құны 31200 долларға тең келетін оттегі өндіріп, ауа ластануының алдын алуда 62500 долларлық құн жарататынын есептеп шыққан. Әншейін ағаш егу, орман отырғызу мемлекеттің немесе жергілікті әкімшілік орындардың ғана міндеті сияқты. Ешбір мектептің немесе жоғары оқу орындарының түлектері көктемгі ағаш егу мезгілінде арнаулы ағаш егу науқанына жұмылдырылмайды. Әсілі, оқушыларға еңбек сабағы ретінде әр жылы көктемде бір күн ағаш егуді міндеттесек, бұл, бір жағынан, жасөспірімдердің бойында еңбексүйгіштік асыл қасиетті қалыптастырса, екінші жақтан, олардың санасында табиғатты аялау, қоршаған ортаны қорғау ұғымын да оятады. Сонымен қатар, ағаш егу адамды гуманизмге тәрбиелеп, эгоизмнен арылуға жетелейді. Одан да маңыздысы, мемлекеттің көгалдандыру жұмысы да жандана түсер еді.

Қазір әлемнің көптеген елі ағаш егу мәдениетін қалыптастыру мақсатында арнаулы бір күнді ағаш егу мерекесі етіп белгілеген. БҰҰ-ның санағына қарағанда, әлемде 50-ден аса ағаш егу мерекесі бар екен. Әр елдің жағрапиялық жағдайының ұқсамауына байланысты бұл елдерде мерекенің уақыты да, аты да ұқсамайды. Мәселен, Жапонияда «Жасылдандыру апталығы» болса, Израильде «Ағаш егу – Жаңа жыл күні», Мьянмада «Ағаш егу айы», Исландияда «Оқушылар ағаш егу күні», Үндістанда «Мемлекеттік ағаш егу мерекесі», Францияда «Мемлекеттік ағаш егу күні», Канадада «Орман апталығы» деп аталады. Тіпті Уганда, Коста-Рика, Намибия, Танзания елдерінің де ағаш егу күндері бар. Біз жоғарыда тілге алған Қытай да 1979 жылы әр жылдың 12 наурызын ағаш егу мерекесі етіп белгіледі. Содан бері жыл сайын мектеп оқушыларынан тартып, мемлекет қызметкерлеріне дейін ағаш егу науқанына қатысып келеді. Егер Қазақстанда да тәуелсіздік алғаннан бері арнаулы бір күнді ағаш егу мерекесі етіп белгілеп, оқушыларды, мемлекет қызметкерлерін және еріктілерді жұмылдырсақ, біздің елдің де тең жартысы орманды алқапқа айналар еді.

№110 (4388) 17/09/2022 Сенбі

БЮДЖЕТТЕН ҚОСЫМША ҚАРЖЫ БӨЛІНЕДІ

Нұр-Сұлтан қаласы Отын-энергетика кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасына нөсер кәріздерін салуға, коммуналдық техниканы сатып алуға, келе жатқан 25 қазан – Республика күні және желтоқсан айындағы мерекелерге қаланы абаттандыруға, безендіруге аудандардың әкімдіктеріне елорданың 2022-2024 жылдарға арналған бюджетінен қосымша қаржы бөлу қажеттілігі туындады. Шаһардың Қоғамдық кеңесінің отырысында бұл туралы қалалық Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Қайсар Маңқараев баяндады.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

– Отын-энергетика кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасына қарайтын Elorda Eco System компаниясына қосымша 1 миллиард 200 миллион теңге және 10 бірлік техниканы сатып алуға 800 миллион теңге бөлу жоспарланып отыр. Жазда жаңбыр көп жауғандықтан бірқатар проблемалар туындады. Соны шешу үшін қосымша қаржы бөлінбек, – деді Қайсар Маңқараев.

Оның айтуынша, қалалық Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасына қаланың «жасыл белдеуіндегі» тиісті жұмыстарға 133 млн теңге қарастырылып отыр. Бұл қаржы негізінен ағаштарды отырғызуға жұмсалмақ.

– Осыны есептегенде қаланың 2022 жылғы бюджеті 889 миллиард 86 миллион теңгені құрайтын болады. Жылдың аяғында бюджетті төртінші нақтылаумен әлі өздеріңізге келеміз. Желтоқсан айында келесі жылдың бюджеті жобасын таныстырамыз, – деді басқарма басшысы.

ЖЫЛЫТУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА

Елордада білім беру, денсаулық сақтау нысандарын жылу беру маусымына дайындау жұмыстарын 23 қыркүйекке дейін аяқтау жоспарланған. Нұр-Сұлтан қаласының отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Бағдат Байсадықовтың айтуынша, қазіргі таңда қалада тұрғын үйлердің жылыту маусымына дайындығы 85%-ға жетті, яғни 2 999 үйдің 2 557-сі суық мезгілге дайын.

Райхан РАХМЕТОВА

Бас қалада жылумен қамту жүйесінің магистральді желілерін гидравликалық сынақтан өткізу, тұрғын алаптарындағы қазандықтар мен әлеуметтік нысандардың автономды жылыту көздерін дайындау жұмыстары толық аяқталды. Қосалқы электр стансаларға техникалық қызмет көрсету, сумен жабдықтау және су тарату жүйесінің бүкіл желісі дайын. Ал жылу және электр желі нысандарын күрделі жөндеу жұмыстары жалғасып жатыр. Бұл жұмыстарды қыркүйек айының соңына дейін аяқтау жоспарланған. Яғни, оның жылыту маусымының басталуына кедергісі жоқ.

2020 жылдан бастап елордада тұрғын үй алаптарын газдандыру жұмыстары басталған болатын. Осылайша бүгінде жер үйлердің 200 мың тұрғыны газбен қамтылды. Газ тарату желілерінің құрылысы үш кезекке бөлінген. 2021 жылы газдандырудың бірінші кезегінің, сондай-ақ ішінара екінші кезегінің құрылысы аяқталды. Екінші және үшінші кезектердің қалған бөлігінде жұмыстар 2022-2024 жылдарға жоспарланған. Бүгінде Көктал-1, Көктал-2, Агрогородок, Железнодорожный, Промышленный, Оңтүстік-Шығыс, Күйгенжар, Мичурин, Интернациональный тұрғын алаптарының, сондай-ақ Потанин көшесі ауданындағы қаланың ескі бөлігінің тұтынушылары газға қол жеткізді.

– Жалпы, 650 шақырым газбен жабдықтау желісі салынды. Халық саны 200 мыңға жуық 14 мың абонент газбен қамтылды. Газға 5 300 үй қосылған. №1 жылу-электр орталығы мен №2 жылу электр орталығындағы 13 қазандық газға ауыстырылған. Биыл №1 жылу-электр орталығында тағы 3 энергетикалық қазандықты газға ауыстыру жоспарланған. 15 әлеуметтік нысанда газ қазандықтарын іске қосу-реттеу жұмыстары жүргізілуде. Қала бойынша 6 мыңнан астам техникалық шарт беріліп, 50 мыңнан астам адамға кеңес берілді. Сондай-ақ, биыл Ильинка, Тельман, Пригородный, Өндіріс тұрғын алаптарына газ желілерін жеткізу жоспарланған, – деді басқарма басшысының орынбасары.

Оның айтуынша, аталған шаралар тұрғын үй алаптарын газдандыру ауаға тасталатын зиянды шығарындыларды жылына 40 мың тоннаға дейін төмендетуге жол ашады. Орталықтандырылған газ желісіне жалғануға қажет құжаттар тізбесі 8-ден 4-ке дейін қысқартылды. Газды есепке алу құралдары тегін беріледі. Халықтың әлеуметтік осал топтарына 450 мың теңге мөлшерінде ақшалай өтемақы төленеді. Банктер үйді газдандыру арқылы 750 мың теңгеге дейін пайызсыз несие береді. Қайтару мерзімі – бір жарым жыл. Жеке сектор тұрғындары барлық сұрақтар бойынша аудан әкімдіктеріне және «Қазтрангазаймақ» акционерлік қоғамына Республика даңғылы, 24-үй мекенжайы бойынша немесе 55-89-75 телефоны арқылы хабарласа алады.

ЕЛОРДАНЫҢ ТУРИСТІК ӘЛЕУЕТІ ҚАНДАЙ?

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының депутаттары жұманың берекелі күні осы сұрақты саралап, елордадағы туристік бағытта қызмет көрсететін нысандарға арнайы барды.

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

Халық қалаулыларынан құрылған делегация алдымен океанариум «Ailand»-қа барды. Орталықтың коммерциялық директоры Арман Мұқанов қонақтарды қарсы алып, атқарылып жатқан жұмыстарын баяндады.

Депутаттарды орталықтың негізгі қызметі, жылына қанша адам келетіні және тұрғындар үшін билет бағасының қолжетімділігі туралы ақпарат қызықтырды.

– 2003 жылы «Думан» ойын-сауық кешені ретінде ашылса, 2017 жылы жөндеуден өтіп, «Ailand» отбасылық демалыс орталығына айналды. Сөйтіп, океанариум және аниматроника саябағынан бөлек, заманауи ойын-сауық нысандары: аквапарк пен айналу алаңы іске қосылды.

Жылына 8 мың адамға қызмет көрсетеміз. Билеттің құны – 3500 теңге. Балалар үшін 3000 теңге. Көпбалалы отбасыларға, зейнеткерлер мен мүмкіндігі шектеулі жандарға 50 пайыз жеңілдік қарастырылады. Келушілердің көбісі мұхитаралға қызығушылық танытады.

Сыйымдылығы үш миллион литр суды құрайтын резервуарда бүгінде жер шарының әр түкпірінен келген теңіз фаунасының 100-ден астам түрін көрсететін үш мыңға жуық теңіз жануары мен балығы бар. Атап айтқанда, Оңтүстік Америка мен Оңтүстік-Шығыс Азияның тұщы суларының және мұхиттың жағалау аймақтары, терең сулар және маржан рифтерін қамтиды, – деп таныстырды орталықтың басшысы.

«Ailand» орталығының қызметкері Любовь Селезневаның айтуынша, аквапаркте тұрақты жаз сақталады, ал бассейндегі судың температурасы 30-32 градустан төмен түспейді.

Мәслихат хатшысы Ерлан Каналимов:

– Елорданың брендіне айналған орталық жылына 8 мың адамды ғана қамтуы қалай? Мектеп, колледж басшыларымен байланыс орнатып, жеңілдік ұсынып, танымдық сағаттар ұйымдастыруға болады ғой! Неге студенттер сағатын жасамасқа? – деді.

Депутаттар арнайы адамдарға қарастырылған жеңілдікті қала тұрғындары біле бермейтінін, сондықтан насихат жұмысын жүйелеу керектігін ұсынды.

Одан кейін делегация «Атамекен» Қазақстан картасы» этно-мемориалдық кешенінің жұмысымен танысты.

Ашық аспан астындағы музейде елдің 14 облысы мен Алматы, Астана, Шымкент қаласындағы табиғи-климаттық аумақтардың сан түрлілігі мен ландшафтары, сәулеті мен құрылыс саласын қамтыған экспонаттар – тарихи және мәдени ескерткіштер қойылды.

Мұнымен Нұр-Сұлтан қаласы Бірлескен музейлер дирекциясының директоры Салтанат Сейдімбек таныстырды.

– Музейі жазғы 3 айда ғана қала тұрғындары мен қонақтарына қызмет етеді. Алайда жылда экспонаттарды жөндеу және т.б. шығындары көп. Адамдардың талап-талғамы өсті. 3D форматтағы нұсқасын әзірлеп, заманауи тұрғыда жетілдіріп, жөндеу жұмысын жүргізу маңызды, – деді ол.

Депутаттар болса, бас қаланың бас музейшісіне мәслихаттың тұрақты сессиясын ұсынып, маңызын қорғауды тапсырды.

Елорданың негізгі көшесінің бірі – Мәңгілік Ел көшесі болса, соның бойындағы негізгі нысанның бірі – «Мәңгілік Ел» салтанат қақпасы. Бұл нысанды жөндеуден өткізу керек. Тіпті соңғы жылдары жиі талқыланып келеді. Жаңбырлы маусымда қақпаның жер асты өткелінде белшеден су кешеміз.

Депутаттар әр нәрсені бір сылтауратқан құрылыс басқарамасының өкіліне бірінеше жылдан бері шешілмей келетінін, егер жұмыс нақты атқарылмаса, онда шара көрудің жолын іздестіруден басқа амал жоқ екенін ескертті.

Соңғы нысан – жаңадан бой көтерген зәулім мешіт болды. Жұма күнгі құлшылыққа асыққан жамағатпен бірге Алла үйін аралап, туристерді қызықтыратын объектілерді көрді.

ЖЕЛТОҚСАНШЫЛАР ЖОЛАҚЫДАН БОСАТЫЛАДЫ

Қалалық бағдарларда Желтоқсан оқиғасына қатысушылар қатарындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын жолақы төлеуден босату ұсынылды. Нұр-Сұлтан қаласы Қоғамдық кеңесінің отырысында бұл туралы қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Жүсіпов баяндады.

Оның айтуынша, қазір бас қалада Желтоқсан оқиғасына 51 қатысушы тұрып жатыр. Бұл ұсынысты Қоғамдық кеңес мүшелері бірауыздан қолдады. Жиында «Нұр-Сұлтан қаласының мүгедектер қатарындағы мүмкіндігі шектеулі балаларды үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібі мен мөлшері туралы» қалалық мәслихаттың 2017 жылғы 17 наурыздағы шешіміне өзгерістер енгізуде қолдау тапты.

САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІ КӨБЕЙЕДІ

Елорданың Қоғамдық кеңесінің отырысында Нұр-Сұлтан қаласы әкімі аппараты басшысының орынбасары Жомарт Айтқазы елордада сайлау учаскелерінің шекараларына өзгерістер енгізілгенін жеткізді.

– Қала бойынша 349 сайлау учаскесі тіркелген. Соның ішінде ашық учаскелер саны – 248, жабық учаскелер – 35, шетелдердегі елшіліктерде – 66 бар. Қаламызда халық санының өсуін ескере отырып, қосымша 56 сайлау учаскесі ашылып жатыр. Алматы ауданында – 13, Есіл ауданында – 41, Сарыарқа ауданында – 2, – деді Жомарт Айтқазы.

Қаланың Есіл ауданы әкімі аппаратының басшысы Бақытжан Жүнісбековтің айтуынша, «Сайлау туралы» заңының нормасына сәйкес бір сайлау учаскесінде сайлаушылар саны 3 мың адамнан аспауы тиіс. Қосымша сайлау учаскелері сол себептен ашылып жатыр. Аталмыш ауданда олардың 29-ы – білім мекемелерінде, 2-еуі – мәдени нысандарда, 5-еуі – спорт нысандарында, 5-еуі – басқа нысандарда болады.

№110 (4388) 17/09/2022 Сенбі

БІР ХАТТЫҢ СЫРЫ

Классик жазушы Мұхтар Әуезовтің 50-жылдары қазақ әдебиеті тарихын зерттеуге көп еңбек сіңірген көрнекті әдебиетші ғалым Ысқақ Тәкімұлы Дүйсенбаевқа жазған хатында Шортанбай ақынның мұрасына қатысты пікірлерін айтқан екен. Осы күнге дейін ғылыми айналымға енбеген М.Әуезовтің эпистолярлық мұраларындағы қазақ әдебиетінің тарихына, әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелеріне, әдеби сыни көзқарастарына қатысты құнды ой-пікірлердің орын алғаны, олардың бүгін де маңызды екендігін осы хаттарды оқыған сайын терең түсіне түсесіз. М.Әуезовтің Ы.Дүйсенбаевқа жолдаған келесі хаты да біздің ойымызды толықтыра түседі. Айта кететіні, бұл маңызды ескертпелер әлі де XIX ғасырдағы әдебиет өкілдерінің мұрасын зерттеуде және шортанбайтанудың басты бағдары болып қала бермек.

Әдебиетші ғалым Ысқақ Тәкімұлының еңбегі туралы айтар болсақ, 1960 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиеті тарихының» 3 томнан тұратын алты кітабы болса, соның 3, 4 кітаптары Ысқақ Тәкімұлының тікелей қатысуымен дайындалған екен. Онда қазақ әдебиетінің XVIII ғасырдан бастап XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қиын да күрделі дәуіріне ғылыми талдау жасап, әдебиетіміздің көрнекті өкілдерінің шығармашылығына өз кезіне лайық баға бергенін кейінгі зерттеушілер мойындап отыр.

Жолдас Ысқақ!

Шортанбай туралы жазылған сөз екінші том үшін өте аз болады. Оның әр шығармасын түгел талдамасаң да, жеке-жеке атап алып, әрбірінің тұсында, барлық құнарсыз қалыптарын ашып отыру қажет. Тегінде, газет мақаласының көлеміндей жалпылап, әр жерден үзінді ойлар теріп алып, көктей тексеру жеткіліксіз. Сондықтан, топтап айтқан дұрыс, ойларыңызға дәлел деректер беру үшін әр шығарманы жаңағы айтқанымыздай, жекеше бөлуіңіз дұрыс болады. Қайталаған пікірлері ақын шығармаларында көп болса, соларын, әсіресе, ашып бере отыру керек. Солай болмаса, мынау мақаладағы шолу, орта мектеп кітабынан да кемшін болып қалады.

Екінші - Шортанбайдың тек-төркінін ашу керек. Бұл жәй әр заманда, әр елде болған діншіл пессимизм, мистика, ақырзаман мотиві арқасында туған. Осының Орта Азия мен жалпы Россия мұсылмандары арасындағы түбі-тегі, Қожахмет Иасауидің «Диуани хикметіне» барады. Қырғызда Молда-Қылыш шығармаларында «Зар заман», «Тар заман» «Кер заман» деген сияқты сарындар туған. XVI ғасырда Орта Азияда Софы-Аллаяр сияқты талай мистик, пессимистер шыққан. Осының аяғы Қазақстанда 1916 жылғы Албан-Асан шығармаларына дейін жетіп, өзінің әсерін тигізеді. Абай сол софылық сарынындағы ишандарға қарсы, өзінің «Ғақлият-Тасдиқат» деген «38-сөзінде», аса қатты сын айтады. Оларды «ахлітари-хат» деп мистикалық жағынан шенейді. Иасауи Шортанбайлардың түп сарыны, кейде сол «түркі дүния» нанымына ауысады. Осы жайларды көп таратпаса да, аша сөйлеу қажет. Сонда бұл мақала, орта мектеп кітабында айтылмаған жаңалықтарды қоса түскен болар еді.

Одан соң, үшінші - Шортанбайдың айтыс өлеңдері туралы (27-бетте) дұрыс пікір айтылған болса да, ақынның айтысы да, үгіт өлеңдерінің идеясымен байланысты деген өнімді, ғылымдық пікірді молынан, көп мысалмен дәлелдеп беру аса қажет. Сонда Шортанбай, жанрлар айырмасына да қарамай, өз мазмұнына таптық идеясына түрді де, жанрды да – баршасын да түгел бағындырған кертартпалығымен, әсіресе айқындап ашыла түсетін болады.

Осы жайды түгел тексеріп, Шортанбай турасындағы мақаланың ғылымдық, мазмұны мен маңызын, көлемін де өсіре түсуді талап етеміз.

Сәлеммен Мұхтар.
21.VII.1950 ж»

Әдебиетші Ы.Дүйсенбаевтың М.Әуезовтің хатына өзек болған тарауындағы Бұқар, Дулат, әсіресе Шортанбай шығармашылығын зерттеп, тану мен бағалаудағы еңбектері де ересен екендігі белгілі. Осы орайда оның «Қазақ әдебиеті тарихының» 3-4 кітаптары негізінде жазылып, 1979 жылы орыс тілінде жарық көрген «Қазақ әдебиеті тарихының» 2 томының да негізгі жұмыстары Ы.Дүйсенбаевтың жетекшілігімен орындалғаны да мәлім. Өйткені Ы.Дүйсенбаев екі тілде еркін жазатын сол кезеңдегі бірден-бір кәсіби маман болатын. Өзге де ғылыми мұралары «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» (1959), «Сұлтанмахмұт Торайғыров» (1967), «Ғасырлар сыры» (1970), «Қазақтың лиро-эпосы» (1973), «Мұхтар Әуезов» (1974), «Мухтар Ауэзов» (1957 жылы Е.В.Лизуновамен бірге), «Эпос және ақындар мұрасы» (1987) атты көлемді монографиялары бүгінде қолданыста.

Осы хат туралы автордың өзі «Адам дегеніңіз осындай-ақ болар» деген естелігінде мынадай ғылыми түсініктеме береді: «...Көріп отырсыздар: осы бір шағын хатында Мұхтар Шортанбай жөнінде қалай жазудың жоспарын жасап, негізгі қозғалатын мәселелердің басын ашып беріп отырған жоқ па? Расында, Мұхаң жалпылама ақыл айтудан гөрі сөз болған тақырыпты жан-жақты қамтып, дәлме-дәл ұсыныстар, өнімді ойлар айтқанды ұнататын. 1950 жылдың өзінде Шортанбай творчествосына берген Мұхаңның әділ бағасы таңғалдырады, өйткені кейінірек талай әдебиетшілер осы мәселеде бір сүрінбей қалған емес.

Маған Мұхаң әрқашан күреске әзір солдат тәрізді көрінеді, бірақ ол кісінің қаруы тіпті өзгеше еді: халқына деген шексіз сүйіспеншілік, зор талант, энциклопедиялық терең білім. Сол себепті де қарсы адамдары сырттай қан- ша кіжінгендерімен, Мұхаңа бетпе-бет келгенде тайқақсып шыға беретін.»

Мұхтар Әуезовпен бүкіл саналы ғұмырында бірге еңбек етіп, көп жағдайда қолғабыс жасап жүрген Ысқақ Дүйсенбаев 1940 жылдың жазында Абай өлеңдерін орысшаға аударып, шығару мәселесімен бірнеше айлар бойы Мәскеу қаласында шығармашылық іс сапарда болады. Сол кездері 10 күндей бір пәтерде, бір бөлмеде болып сырласып, жақын достасқанда көз жеткізген Мұхтар Әуезовтің әдебиет мәселесінде тек әділеттілікті талап ететін қасиеті жөніндегі: «...Мұхаңның үлкен қасиеттерінің бірі: шығарма мәселесіне келгенде өте әділ, өте таза болатын, керек десеңіз, өзі жаратпайтын адамның бойынан дарындылық ұшқынын көре қалса, мойындаумен бірге, онысын жасырмайтын еді. Кейін де осы мінезінен танғанын көргенім жоқ. Рас, ашу үстінде бір сәтке сезім билеп кетіп, көз жұмғандай болса, бірақ, бірінші сабасына түскеннен кейін ақылдың төрелігіне бағынатын..» деген сөздері біздің ойларымызды нақтылап, тиянақтай түседі.

Бұл әдеби дерек екі ғалымның ғылыми жұмыстарының үнемі үзеңгілесіп, үндесіп ортақ мақсатқа жұмылдыратынын көрсетеді: «...Ғылыми жұмыспен Мұхаңды тағы бір рет Абайдың екі томдығын баспаға дайындау үстінде кездестірдік. Бұл жолы бірнеше адам болып, екі-үш ай бойы ұлы ақынның барлық негізгі басылымдары мен Мүрсейіттің үш бірдей қолжазбасын (1905 ж., 1907ж., 1910ж.) қатарына жайып қойып салыстырумен болдық. Мұхаң Абай текстерімен соншалық жете таныс бола тұрса да, ұлы ақын қолданған сөздердің дәл мағынасын бұлжытпай айыра білсе де, бізді текстология жұмысына баулып үйреткендей әрқайсымыздың пікірімізді зор ықыласпен тыңдайтын да, егер топшылауымыз қонымды, дәлеліміз даусыз болған кезде, ескіден қалыптасып қалған түсінікті тайынбай бұзуға дейін баратын еді. Бір ғана мысал келтірдік. Неліктен екені белгісіз, көп жылдар бойына (керек десеңіз, мұны қазір де қостаушылар табылады) Абайдың мына бір белгілі шумағының алдыңғы екі жолы үнемі теріс оқылып келді:

Шортанбай, Дулат пенен
Бұқар жырау,
Өлеңі бірі – жамау, бірі –құрау.

Сырт қарағанда әрі қонымды, әрі дұрыс секілді көрінеді, бірақ Абайдың 1909-1922 жылдардағы басылымдарында да, сондай-ақ Мүрсейіттің 1907-1910 жылдардағы қолжазбаларында да басқаша:

Шортанбай, Дулат пенен
Бұқар жырау,
Өлеңі бірі – жамау, бірі – құрау делінген. Барлық дерек көздерді көрсеткен кезде Мұхаң біз ұсынған редакцияны қабылдауға ризалығын білдірді» деп еске алады.

Міне, осы үзіндіде әдебиет әлеміндегі әділдік мәселесі салтанат құрған. Өзі қазақ әдебиетіндегі бірден-бір академик ғалым, бірден-бір абайтанушы, оның негізін қалаушы бола тұра жастардың ұсынысын, дәлелді деректерін орынды бағалап, қолдау көрсетуі шын мәніндегі шәкіртін сыйлаған тұлғаның тәрбиелік мәні бар танымын танытады. Ы.Дүйсенбаевтың естелігіндегі ұлы ұстаз ұлағаты, кімге де әділ бағасын беріп, кәсіби білгірлікті талап ететін қасиеті аңғарылады.

Өзі өзге елде жүрсе де табиғаты мен тағдырына айналған әдебиет әлемінен әсте алыстамайтын Әуезовтің әрбір хатындағы әңгіме де – осы сөз өнері.

М.Әуезовтің елу томдық академиялық шығармалары жинағының 50-ші томында жарияланған «№106» деп белгіленіп, 9-қыркүйекте (9.IX.) жазылған, жылы көрсетілмеген (баяндалып отырған оқиғаға қарағанда 1960 жыл болуы мүмкін Г.П) хатында Ы.Дүйсенбаевты Шолпан-Атаға шақырады. Өзі «Өскен өркен» романын тәмамдауға тырысып табанды еңбек етіп жатса да, ғылыми ортада жүріп жатқан күрделі де іргелі әдебиет тарихы ның жазылу мәселелері жарғақ құлағын жастыққа тигізбей мазасын алып жатқанын байқайсыз. Алаңсыз шығармашылық шабытына шәкіртінің кедергі келтірмейтінін айтып, келуін өтініш етеді. «...Мен қазір жаңа романның қызығына, қызықты еңбегіне молынан кіргендеймін. Әзірге ерте-кешті ой сол дүниеде. Сен келсең де, жұмысым тоқтамайды. Күніне 2-3 сағат диктовать етем, оған сенің бөгетің қанша. Ал өзіңді жоқтап, қашан Ысқақ келет деп бір қозы күнде терезе түбінен маңырап өтеді...» деген сөйлемдердегі ұстаз бен шәкірті арасындағы адал достық, сағыныш, сыйластық, сүйіспеншілік сыр береді. Бұл бүгінгі ғалымдарға ғибратты тәлім, үзеңгілестердің үздік достығының үлгісіндей әсер етеді.

Гүлзия ПІРӘЛІ,
филология ғылымдарының докторы

БЕЙНЕЛЕРІ НЕГЕ АУЫСА БЕРЕДІ?

Шортанбай шығармашылығын зерттеу барысында ғаламтор қолданушыларының бірізді емес мәліметтерінен аяқ алып жүргісіз екеніне көзіңіз жетеді. Зар заман өкілдерінің белді тұлғасы Шортанбай мысалын алып отырған себебіміз де бар. Өйткені бұл ақын соңғы он жылда көп зерттеліп, көп сұрақтардың шешімі табылып, зерттеушілердің пікірі бір арнаға тоғысқандай болып еді. Алайда басын ашып алатын мәселелер жеткілікті екен. Соның бірі ақынның суреті жайында болмақ.



Айгул УАЙС

Естеріңізге сала кетелік, осыдан он шақты жыл бұрын ғалым Марат Әбсеметов, Шортанбайдың суретін Омбыдағы казачьий архивінен тауып алып, «Астана – мыңжылдық тарихы бар қала» атты кітабына кіргізген еді. Суреттің сыртында «Чортанбай» деген жазуы болған. Қазақта басқа Шортанбай жоқ қой деп, осы суреттегі бейнені ақынның суреті деп негізге алып, сүйіншілеген едік. Алайда оны қаперге алып жатқандар некен-саяқ.

Ақын, жырау ғана емес, үлкен молда болған тұлғаны Шортанбай деуге әбден келетіндей. Десе де, басында бөрігі бар ақсақалды көбіміз зар заман ақынына балап, сол туралы мақала ақпараттарда қолданып жүр. Бұл сурет тағы бір ұлық жырауға ортақ екен. Ғаламтордағы Wikipedia басында бөркі бар, ақсақалды адам бейнеленген суретті Бұқар жырау деп танып тұр. Енді бір суретте Шортанбайды бұрындары Мұрат Мөңкеұлына тиесілі суретке ортақтастырып қойған. ҚМДБ сайтында Шортанбайдың төрт ауыз сөзін жазып Бұқар-Шортанбайға ортақ суретті салып, таластырып қойған.

Қарап отырсаңыз, бұлардың дені сөзіне сенетін, ел – халық оқитын әжептәуір беделді сайттар. Демек, қазақтың бағына біткен бес ақынды ажыратып-танымай, неге оңды-солды қолдана береді деп сұрағымыз келеді. Егер ниет болса сәл ізденсе, ақынның ата-тегінен бастап, шын атына дейін мәліметтер жетерлік еді ғой.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Әлихан Жақсылық – Нұр-Сұлтан қаласы Қошке Кемеңгерұлы атындағы №49 орта мектебінің 5-сынып оқушысы.

Математика пәнінде ол ерекше белсенді, ерекше ұғымтал, әрі сыншыл болып кетеді. Логикалық тапсырмаларды орындауда алдына жан салмайды. Дайындап әкелген әр тапсырманы әртүрлі тәсілмен орындауға болатынын өзі айтып беретін. Осы қабілетін байқай отырып Әлиханды жыл сайын 2-сыныптан бастап Жұмагүл Мерекеқызы математикалық сайыстарға қатыстырып отырды. Биылғы оқу жылында «Алтын сақа» олимпиадасына, «Бастау» турниріне қатысты. «Бастау» турнирінен мақтау қағазына ие болса, былтырғы оқу жылында «Бастау» турнирінен I орынды иеленді.

4-сыныптар арасында болатын пәндік олимпиаданың математика пәні бойынша II орынды иеленіп келді. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2022 жылды «Балалар жылы» деп атауына орай оқушылардың оқу-білімге деген қызығушылығын арттыру және дарынды оқушылардың арасында байланыс орнату мақсатында өткізілген «Бастауыш білім бұлағы» атты республикалық байқауға қатысып, I дәрежелі дипломмен, төс белгімен марапатталды. «Бастауыш білім бұлағы» республикалық байқауының материалдар жинағына жазған еңбегі енді.

«Бұлақ көрсең, көзін аш» деп бекер айтылмаған екен ғой. Дарынды балаларды анықтап, олардың қабілеті мен мүмкіндіктерін бақылап, әрі қарай жақсы бағыттау – әр ұстаздың міндеті. «Мұғалімнің бүкіл мақтанышы шәкірттерінде, өзі шашқан ұрпақтарының өсіп-өнуінде» дейді Д.И. Менделеев. Мектеп ұстаздары шәкіртінің әрбір нәтижесіне қуанып, жетістігін мақтан етуге жалықпайды. Сондай оқушының бірі – Әлихан Жақсылық Жасұланұлы.

Әлихан – үйде үш ағайынды баланың бірі. Өзінен үлкен ағасы Әлиасқардың тынысы, кіші інісі Рамазанның қамқоршысы болып жүр.

Әлихан ұстаз туралы жазған эссесінде: «Мектептегі басқа мұғалімдер апайыммен келіп ақылдасып, сабақтары бойынша жөн сұрап жатқандарын жиі байқаймын. Сонда мен ішімнен осындай адамнан білім алып жатқаныма қуанып, тебіреніп қоямын. Кеудемді мақтаныш сезімі билеп кетеді» деп жазған екен. Бұл оның бастауыш сынып жетекшісі Нұрлыбекова Жұмагүл Мерекеқызы туралы жазғаны еді. Биыл ол бастауыштан орта буынға ауысты, Жақып Аяулым Еремекқызы жетекшілік ететін 5 «А» сыныбында оқиды. Әлиханның әрі қарай математикадан білімін шыңдау – пән мұғалімі Қаламбай Нұрболат Алмабекұлының жауапкершілігінде. Баланың ыстық ықыласына бөлену әр ұстаздың миссиясы екенін ұмытпауымыз керек.

Жетістіктері: 2020 жылы қалалық «Бастау» математикалық турнирінен I орын, республикалық қашықтық олимпиададан математика пәнінен I дәрежелі диплом, 2022 жылы қалалық «Бастау» математикалық турнирінен мақтау қағазы, 4-сыныптар арасындағы қалалық пәндік олимпиададан II орын, «Білім бұлағы бастауыштан» республикалық сайысынан I орынды иеленген.

Әлихан әр сөзді мұқият тыңдап, әр тапсырманы ұқыптылықпен орындайды, оған қоса елгезектігі, ойын ашық айтуы – Әлиханның ерекше қасиеттері. Сыныптағы оқушылармен тез тіл табысып, әрқашан адалдық пен шыншылдыққа жақындығы оның сынып ішінде тек беделін арттыра түсті. Сонымен қатар оның оқуының үздік үлгерімімен қоса математика пәніне жақындығын, логикалық ойының зеректігін байқамау мүмкін емес еді.

«Қозғалыс – өмір» деген қағиданы дұрыс түсінген адам өз еркіне бой бермей орындап жүретін болса, өмір сүру сапасы жақсарып, ұзақ та, белсенді де, әр түрлі кәрілік аурулардан ада болып, өз-өзіне белсенді қызмет жасай алады. Бұл мәселеде әр қарттың түсінігі өзінше.

БЕЛСЕНДІ ӨМІР СҮРУГЕ БЕТ БҰРАЙЫҚ

Біреулері дұрыс қозғалыс жасаса, енді біреулері асыра сілтеп, ауырып қалатын жағдайлар кездеседі. Сондықтан адамның қозғалысының жасына қарай реттеп, түзетіп отыратын орталық болса, оның пайдасы зор болар еді. Осыны ескерген Елорда қалалық әкімшілігі «Қазақстан Республикасының белсенді ұзақ өмір сүру» ұлттық жоспарына сәйкес қалада «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтары төрт ауданда да ашылды. Бұлардың бәрі қалалық орталықтың басқаруымен қызмет атқарады.

Орталықты ұзақ жылдар басқару қызметтерінде болған зейнеткер, ұлт жанашыры Мұхтар Дүйсенұлы Еркетаев басқарады. Осы орталықтардың біреуіне тоқталып, сипаттама берсек дұрыс болар деп ойлаймын. Сарыарқа ауданындағы орталық Сейфуллин көшесіндегі 25-ші үйде орналасқан. Алғашқыда орталықтың орналасқан аумағы 100 шаршы метрдей ғана болса, кейіннен кеңейтіліп, 500 шаршы метрден астам болды. Тренажер залының өзегі кардиотренажер болып есептелінеді. Олай дейтін себебіміз жүрек қартая келе тозады, оны жандандыру керек, оған осындағы әртүрлі тренажерлер көп көмегін тигізеді. Мұны білімді Мәскеудің денешынықтыру институтын бітірген А.Н. Сүйеугазиев деген азамат жүргізеді. Сол кісінің өзіне қарап спортпен айналысқың келеді. Жасы сексенге келсе де, түр әлпетінен әрі алпысқа да келмеген бе деп ойлайсың. Барлық нәрсе салыстырмалы ғой.

Денешынықтырумен жүйелі түрде айналысқан адамның дене бітімі де, қозғалысы да, ширақтығы да басқаша ерекше болады. Өкінішке қарай біздің қазақ жігіттерінің кейбіреулерінің дене бітімдерін көргенде келешегін ойламай ма екен деген ой келеді. Салмақтары артық семіздіктері басым. Шенеунік болған соң көліктен түспейді. Табалдырықтан табалдыраққа дейін десе де болады. Спортпен айналысудың жабайы түрі жаяу немесе велосипедпен қозғалу. Бірде байқағаным кардиоцентрдің президенті Пя Ю.В., спорт киімімен, велосипедпен жұмысқа келе жатыр. Мұны сөздің реті келген соң айтып жатырмын. Жалпы денешынықтыруды жас кезден серік ету керек. Жүрекке жол бермей, ақылға жол берген дұрыс болады ғой деп ойлаймын. Тренажерлерден кейін «Денсаулық» тобы жұмыс істейді. Мұнда Шишонин А.Ю., Бубновский С.М., академик Макулин А.А. т.б., белгілі дәрігерлердің ұсынған жаттығуларын орындайды. Бұл орталыққа жас еріктілер келіп көмектесіп жатыр. Мысалы сертификацияланған нұсқаушы Динара Сейтова йога секциясын жүргізеді. Осылай тізіп жаза беруге болады. Одан да замандастарыма айтарым, өздеріңіз келіп, көріп қатысқаныздар құба-құп болар еді. Орталықтың келем деушілеріне әр уақытта есік ашық. Бұл мекеме денешынықтырумен ғана емес, басқа да мидың жұмысын жақсартумен айналысады. Тоғызқұмалақ ұлттық ойынын үйретеді. Ағылшын тілін оқып үйренуге болады. Психологтан кеңес алуға мүмкіншіліктері бар. Көктал-2-де мұның өзінің филиалы «Денешынықтыру сауықтыру филиалы» Нұрқан Сембаев басқарумен волейбол т.б., түрлерімен айналысады. Осында қатысқандар бір ұжым болып, әртүрлі көңіл күйді көтеретін шаралар өткізеді. Өткен жылы бәрі бірігіп Наурыз тойын өткізді.

Сарыарқа ауданының белсенді ұзақ өмір сүру орталығын басқарып отырған тәжірибелі басшы Кенжеболат Сапарұлы Бәпішев (суретте). Бұл кісі қарттармен жұмыс істеуді жүзден асып дүние салған анасының өмір жолын көріп, ақыл кеңесін тыңдап өссе, одан кейін ұзақ жылдар осы қалада қарттар үйін басқарды. Қай жұмыс болса да, басшының білімділігіне, тәжірибесіне, ең құндылығы адамгершілікке байланысты. Кенжеболат Сапарұлы осы айтқандардың бәріне сай келеді. Қалалық орталық төрт аудандағы басшылардың тәжірибе алмасуын өткізіп отырса, бірінен-бірі үйренер еді. Қадірлі қаладағы зейнеткер қарттар үйде отырып, кетер күніңді ойлағанша осы орталықтарға барып, өзіңізге ұнаған түрімен айналыссаңыз, өміріңіз сапалы өтер еді. «Мың күн жұмақтан, бір күн жарық артық» деген сөздің мағынасы: шамаң келгенше өмірімізді ұзартқанымыз дұрыс болар деп ойлаймын. Жарық күніміз көп болғай. Ел Президенті соңғы Жолдауында денсаулық, спорт салаларына көп көңіл бөлді ғой. Осы Жолдауды қолдай отырып, өз үлесімізді қоссақ дұрыс болар еді. Ол жастарды тәрбиелеуге көмектесу. Мақаламды аяқтай отырып, барлық қарттарды, онымен қоса орталық қызметкерлерін алдағы Қарттар күнімен шын жүректен құттықтаймын. Ұзақ өмір тілеймін.

Еркін ДӘУЕШҰЛЫ,
Елорда Ардагерлер кеңесінің медиатобының мүшесі

ЖАҢА ФОРМАТ, ЖАҢА ТАЛАПТАР

Жаймашуақ жаздың соңғы айында Қазақстанның барлық өңірлерінде дәстүрлі тамыз конференциялары ұйымдастырылып, панельдік сессияларда педагогтар мектепке дейінгі, орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім берудің, балалардың құқықтарын қорғаудың және білім беру сапасын қамтамасыз етудің өзекті мәселелерін талқылады. Жаңа талаптар қойылды. Оқыту жаңа форматқа көшті.

Нұр-Сұлтан қаласының техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің педагогтеріне арналған «Білімді ұлт: терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» атты тамыз конференциясындағы «Диалогтық алаң» жұмысына Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасының өкілдері, колледж директорлары, әлеуметтік серіктестік өкілдері қатысып, техникалық және кәсіптік білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында білім мен бизнестің интеграциялық өзара әрекеттесуі, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын тиімді басқару мәселелері бойынша пікір алмасты.

Педагогикалық коучинг-сессиялардың жұмысы бағытталған мақсатты тобына қатысты «Оқу-әдістемелік жұмыстағы менеджмент», «Кәсіптік білім берудегі трендтер мен талаптар», «XXI ғасырда педагогтің дағдылары», «Белсенді тәрбиелік технологиялар» тақырыптарында ұйымдастырылып, «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК YouTube каналында тікелей эфирде жүзеге асырылды.

Секциялық жұмыстар барысында «Talap» КЕАҚ президентінің міндетін атқарушы Татибеков Санжар, «Астана» IT University құзыреттілік және шеберлік орталығының директоры Сапар Тоқсанов, КЕАҚ «Talap» WorldSkills қозғалысын дамыту басқармасының басшысы Ринат Гасимов, Нұр-Сұлтан қаласы Есіл аудандық ювеналды полиция бөлімінің бастығы, полиция майоры Алмагүл Исмагулова, «Астана дарыны» ДДжПСО психологиялық қолдау бөлімінің басшысы Гульмира Капанова, «Астана» халықаралық университетінің Педагогикалық колледжінің пәндік циклдік төрайымы Назым Толекова, Білім беруді жаңғырту орталығының «Тәрбие және тұлғаны дамыту» бөлімінің әдіскері Анар Назарбаева, әлеуметтік серіктестік өкілі, Қазақстан Республикасының лифт компанияларының заңды тұлғалар қауымдастығының басшысы Нұрлан Құттыбаев, «Астана Профи» колледжі директорының оқу жұмысы бойынша орынбасары Әсел Ахметова астаналық колледж педагогтеріне «менторкинг» әдісі арқылы өзі үздік меңгерген дағдыларымен алмасып, тәжірибелерімен бөлісті.

Педагогикалық коучинг-сессиялар барысында колледж оқытушылары педагогикалық тәжірибені жетілдіруде сандық технологияларды пайдалану дағдыларының озық үлгілерімен, педагогке XXI ғасырда қажетті hard slills, soft skills, self skills маңызды дағдыларын меңгеру жолдарымен танысты. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының кәсіби стандарттарына, жұмысшы мамандықтарын танымал етуге және кәсіби маманды дамытуға бағытталған «WorldSkills» кәсіби стандартына негізделген білім беру бағдарламаларын құрастыру мәселелеріне, студенттермен жүргізілетін тәрбиелік жұмыстың құндылық-мотивациялық бағыттылығына қатысты мәселелер қарастырылды. Әр секциялық жұмыс соңында «Білім беруді жаңғырту орталығының» техникалық және кәсіптік білім бөлімінің әдіскерлері тарапынан 2021-2022 оқу жылындағы атқарылған жұмыстары жайында талдау мен перспективалар туралы есеп ұсынылды, жаңа оқу жылының басымдықтары мен негізгі міндеттері айқындалды.

Нұр-Сұлтан қаласының техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының Тамыз конференциясындағы көрмесі бес бағыт бойынша ұйымдастырылды: «Кәсіптік білім. Болашаққа қадам» «Жаһандық техникалық құзіреттіліктер», «Әлеуметтік инфрақұрылымға қосқан үлес», «Сандық трансформация», «Салауатты тамақтану трендтері», «Студенттердің авторлық жұмыстары».

Бақыт СЕЙДАХМЕТОВА,
«Білім беруді жаңғырту орталығының» әдіскері

№110 (4388) 17/09/2022 Сенбі

Тарих беттерін парақтап, зерттеп, зерделеген сайын өз ұлтыңның өткеніне құрметпен қарай түсесің. Өз тарихын құрметтеп, шындық жазылған сайын ғұлама бабаларымыздың келешек ұрпақ үшін жасаған еңбектеріне ерекше бас иесің, білуге ұмтыласың. Шығыстанушы, арабтанушы, зерттеу кітаптардың авторы, ҚР Дипломатиялық қызметінің еңбек сіңірген қайраткері Қайрат СӘКИМЕН сұхбаттасып, оның төл тарихқа, ұлт мүддесіне қатысты пайымдауларын тыңдаған едік.

Қайрат СӘКИ:

ҰЛТТЫҢ ДАМУЫНА ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ТҰСАЛУЫ КЕДЕРГІ

– Қайрат Ұзақұлы, 2020 жылы әлемнің екінші ұстазы атанған Әбу Насыр әл-Фарабидің туғанына 1150 жыл толды. Дүниежүзіне атағы жайылған бабамыз Отырарда өмірге келген. Бірақ, қазақ жерінде кіндік қаны тамған ғұламаның өз елінде есімі біраз жылға дейін көмескі болып келді. Оның қандай себептері бар деп ойлайсыз?

– Әл-Машаниге дейінгі үнсіздік халқымыздың отарлық жүйеде әбден езілгендігін көрсетеді. Ал тәуелсіздіктен соң әл-Фараби аты елімізде көмескі тартты деп те, жарқырап та кетті деп айта алмаймын. Әл-Фараби орталығы 1993 жылы құрылды. Орталық 25 жылдан астам уақыт бойы ғылыми қызметті жүзеге асырып келеді. 2020 жылы әл-Фарабидің 1150 жылдығы орталыққа жаңа серпін берді.

– Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің алдындағы ұлы ойшылдың ескерткіші екі рет салынғаны мәлім. Сыртқы бейнесіне қатысты ескертулеріңізге не себеп?

– Себеп – тарихи дерек пен шығармашылық қиял арасындағы қайшылық. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің алдындағы Ұлы ойшылдың ескерткіші екі рет салынды. Соңғы ескерткіштегі сәлдесі дағарадай. Ал Ұлы ойшыл ешқашан басына сәлде орамаған. Ол туралы ортағасырлық тарихшылар: «Әл-Фараби түркіше киініп жүрген, басында қалансуасы болған» деп жазады. «Қалансуа» араб тілінен «тақия» деп аударылады. Атақты ортағасырлық тарихшы Ибн Халликан: «Шам елінің ғұламалары жиналған мәжіліске кіріп келді. Үстіне түркі киімін киген. Ол осы киімді әрдайым киіп жүретін» деп көрсеткен. Бірақ ескертуге назар аударып жатқан жан жоқ.

– Ұлы ғалымды туған халқымен қайта қауыштырған – Ақжан әл-Машани қандай адам? Әл-Фарабидің ұстаздары мен шәкірттері туралы айтып өтсеңіз?

– Ақжан әл-Машани ақсақалдың қандай адам болғанын білмеймін, бірақ атқарған ісі бойынша бағаласақ біртуар тұлға, елсүйер азамат. Әл-Фарабидің ұстаздары, әрине, Аристотель, Платон. Әбу Насыр әл-Фараби Платон және Аристотель ілімдерінің ислам әлеміне әкелген ислам ойшылдарының бірі және ол өзінен кейінгі мұсылман философтарына үлкен әсер еткен. Әл-Фараби философияны теологиядан, яғни діннен бірінші болып бөлді. Орта ғасырларда өмір сүрген және оның көзқарастары әсер етпеген мұсылман немесе христиан философын табу қиын. Шәкірттері көп болған.

– «Әл-Фараби қартайған шағында Бағдат шаһарына келді және оның мақсаты – арабқа сіңу немесе гастарбайтер (бағбан) болып істеу емес, сөзін бағалайтын ғылыми ортаны табу еді» дейсіз. Әл-Фарабидің «Жас кезінде білім байлығын жина, қартайғанда сол байлықты шаш» деген Низамидің принципімен өмір сүргенін де айттыңыз. Жалпы әл-Фараби мұрасының зерттеле қоймаған тұстары көп пе?

– Әрине, көп. Математика, медицина, астрономия, геометрия салалары бойынша жазған трактаттары бізде мүлдем зерттелмеген. Әл-Фараби сансыз ғылыми трактаттар жазғанымен, оның 40-ы ғана біздің заманымызға жеткен. Ибн Халликан: «Әл-Фараби еңбектерін кітап, брошюра түрінде өте сирек жазған. Ол көбінесе ғылыми еңбектерін қысқаша тарау, түсіндірме түрінде қалдырған» деп көрсетеді. Шәкірттері оларды топтастырып, кітап түрінде шығарған.

– «Әл-Фарабидің әртүрлі салалардағы көптеген идеялары мен пікірлері сол кездегі түсінікке және діни постулаттарға қайшы келді» дейсіз. Діни фанаттардың ортағасырлық мұсылман рационалды философиясына тосқауыл қоюы түбінде мұсылман әлемінің тоқырауына әкеліп соқты деп те айттыңыз. Төзімділік (толеранттылық) жағдайындағы діндер татулығы жағдайында оның пайымдары қалай қабылданады деп ойлайсыз? Теологияға іш тартқан кәсіби тарихшылар туралы пайымыңыз қандай?

– Кейбір замандас кәсіби тарихшылардың, зерттеушілердің дін позициясынан әрекет етуі сырт көзге оғаш көрінеді деп бұрын жазған болатынмын. «Азған елге дін келер» деген кеңестік режим қазақ халқын аздыруда алдына жан салмады. Сол заман көбірек жасап, тағы бір ұрпақ ауысқанда қазақ халқының рухани саудасы бітер еді. Қазір де тіл, ұлттық тәрбие саласында кемшін тұстары бар десем артық кеткендік емес. Сондықтан біздің азғындаған қоғамға дін келді. Маскүнемдік, наркомания, бәтшағарлық, жезөкшелік және тағы басқа көптеген әлеуметтік мерездердің бірден-бір даусы ислам діні екендігі айқын.

Алайда «Бояушы десе сақалын бояпты» деген мемлекеттік қызметкерлер мен ғылым төңірегінде жүргендердің әсіреді-ншіл болғаны орынсыз деп санаймын. Ойымды нақтылай түссек, мұсылмандықты ұстану жеке бастың шаруасы, оның талаптарын ғылыми зерттеуге, мемлекеттік басқаруға араластыру қажет емес. Мысалы, белгілі бір шығыстанушы ортағасырлық мұсылман жазба ескерткіштерінде Тәңіршілдік туралы бірде-бір сөз жоқ деп кесіп айтты. Сол сәтте сонау студенттік жылдары оқыған Ибн Фадланның «Еділ бұлғарларына сапар» деген туындысындағы түркілер иектерін көтеріп, «Бір Тәңірі» деп айтады деген жолдары ойыма сап ете қалды. Ал бұл тақырып мақсатты түрде зерттелсе, ол кісі мүлдем ыңғайсыз жағдайға түсер еді деп ойлаймын.

– Біз Фарабиді танып-білдік пе? Оның мұралары негізінен қай елде сақталған? Ол араб тілінде жазды ма, парсы тілінде ше?

– Әл-Фараби сансыз ғылыми трактаттар жазғанымен, оның 40-ы ғана біздің заманымызға жеткен. Оның 32-сі араб, 6-ы иврит және 2-і латын тілдерінде. Еңбектерінің көпшілігі қазақ тіліне аударылмаған.

– Фарабиді ұлықтап, түгендеуге не кедергі? Оны әлемге қайта танытып, ел брендіне айналдыру үшін не істеу керек?

– Сіздің сұрақтарыңызға қарап отырсам мені фарабитанушы деп қабылдайтын секілдісіз. 2020 жылы әл-Фарабидің 1150 жылдығына шығарылған материалдарды оқып отырып, ұлы ұстаздың өмірінің белгісіз жақтары туралы «Тарханның баласы» деген мақала жазғанмын. Сол ғана. Мен мұсылман елдерінің тарихында орта ғасырларда із қалдырған түркі тайпаларының тарихымен айналысамын.

– Сіз Сыртқы істер министрлігі жүйесінде жұмыс істедіңіз. Еліміздің Каир, әр-Рияд, Әбу-Даби, Дубай, Сеул, әл-Кувейт қалаларындағы елшіліктері мен консулдықтарында түрлі дипломатиялық қызметтер атқардыңыз. Ол елдерден бізге үйренетін тұстары бар ма? Қандай ерекшеліктерін атап өтер едіңіз?

– Араб елдерінің саны 20-дан асады. Көбі – кедей, қатаң режимдері бар артта қалған елдер. Кейбіреулері қайыршылықта өмір сүріп жатыр. Араб елдерінің витринасы мұнайдан байыған бірнеше ел. Осы елдердің кейбірінен мұнайдан түскен қаржыны дұрыс пайдалану, халықпен бөлісу тәжірибесі қызықты әрине. Бірақ бір атап өтерлігі, олар халықпен бөліскенде – бір әулеттің елді басқаруына қарсы болмау, саяси бостандықтарды талап етпеу секілді жазылмаған талаптары бар.

– Мемлекеттік қызметте жүріп тарихи дүниелерді жазуға не себеп болды? Қыпшақ даласында тұтқынға алынып, жат жерде ерекше ерлігімен, асқан талантымен құлдықтан қайраткерлікке дейін көтерілген даңқты Байбарыс сұлтан туралы жазылмаған, әлі де зерттелмеген тұстары бар ма?

– Сіздің сұрағыңыздан өзіңізге тиесілі жұмысты атқарып тыныш жүре бермейсіз бе деген леп соғып тұр. Қызметте басшылар тарапынан тура сондай көзқарас болатын. Мемлекеттік қызметте жүріп кәсіпкерлікпен айналысуға болмайды, ал шығармашылыққа тыйым жоқ. Байбарыс жайлы кең қамтып жаздым, бірақ ол туралы зерттеулерді түрлі қырынан жүргізсе, әрине, болады. Бірақ оның өмір жолы туралы жазу – қайталау.

– Тарихи дүниелерге қалам тербеу өте қиын, күрделі еңбекті қажет етеді. Ұлттық идеяға, тарихи сананың жаңғыруына қызмет етіп келесіз, тағы қандай тақырыптарға қалам тербеуді мақсат етесіз?

– Қазіргі уақытта «Шуақты Шудың шежіресі» деген өлкетану еңбегін аяқтап, «Жауғаш батыр» деген зерттеуді бастадым. Сонымен қатар, қазақ халқының жазылмас жарасы – ашаршылық туралы «Жылан тақыр 1929-1934» деген зерттеуді қоса жүргізіп келемін. «Мәмлүк әскерінің тактикасы мен стратегиясы» деген зерттеуді аяқтап, ортағасырлық араб жазба ескерткіштеріндегі ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби өмірінің жұртшылыққа мәлім емес жақтары жөніндегі және «Мәмлүк миниатюрасы» деген зерттеу жұмыстарын жалғастырып жүрмін. Келесі айналысып жүрген жобам араб тілінен таза аударма болып табылады. «Араб тарихнамасы түркілер туралы» деген жоба бойынша 600-1500 жылдар арасындағы араб әдебиеті, хадис, хабар, діни шығармалар, географиялық, тарихи туындылар мен әскери трактаттардағы түркі атауына, этносына, жеріне, этнографиясы мен тарихына, оның атақты тұлғалаларына қатысты мәліметтер қазақ тіліне алғаш рет аударылып, түсініктемелермен беріледі.

– «Репрессия кезінде қазақ бірін-бірі аямаған, ал өзбектің мұртын балта шаппаған дейтіндердің назарына» деп жақында Facebook-тегі парақшаңызда Өзбекстанның Президенті Мирзиёевтің репрессияға ұшыраған отандастары жайында жазған жазбасына қатысты өз пікіріңізді жарияладыңыз. Осы мәлімдеме қаншалықты рас? Өз қандасымызды өзіміз тұқырта бермейік деген пікір ме?

– Өзбек президентінің сөзіне сенбеуге негіз жоқ. Кейбіреулер бар кінәні қазақ халқынан іздеуге құмар. Аштыққа да, репрессияға да кінәлі қазақ. Соларға айтылған сөз, өз қандасымызды өзіміз тұқырта бермейік дегенім. Қазақ басқа халықтардан кем де емес, артық та емес. Ұлтымыз бастан кешкен репрессияны басқа ұлттар да көрді.

– Кеше ғана ел тізгінін ұстаған тұлғалар туралы да пікірлер қайшылыққа толы. Шаяхметов аталмайды, Қонаевқа қала бердік, Тәшенов тұғырда тұр, Оңдасынов ескерілмейді, мемлекет неге осыны бір жөнге келтірмейді?

– Маған салса, коммунистік режимнің атқарушыларына лайықты баға берілуі тиіс. Менің ойымша, Мәскеуден бөлінген бюджетті игерушілер арасында ешқандай айырмашылық жоқ.

– Қазір аңызға сүйеніп, ата-бабасын ұлықтап, кітап жазатындар көбейді. Ғылымда да кездейсоқ жолбикелер де аз емес. Мұндай саясат тарих ғылымының беделіне нұқсан келтірмей ме?

– Әлемдік кітап шығарушылар бірлестігінің есебіне сәйкес, әлемнің ең озық елінде бір жылда жарық көрген кітаптарды адам басына шаққанда 1 млн тұрғынға 2710 кітап түрі келеді екен. Қазақстанда 18 млн халық бар. Сол санды 18-ге көбейтсек, не болары түсінікті. Әлемде озық болу үшін елімізде жылына 48 780 кітап түрі жарық көруі тиіс екен. Сіз қалай ойлайсыз, елімізде жылына қанша кітап түрі шығады? Ең табысты жыл – 1996 жылы 1200 кітап түрі баспадан шығып, еліміз әлемдік рейтингте 69-орында тұр. Бұл – кітап түрі бойынша көрсеткіш, ал тиражы бойынша рейтинг болса біз көш соңында болатынымыз сөзсіз. Кітапты 1000-2000 дана етіп шығару дәстүрге айналып кетті. Сондықтан «аңызға сүйеніп, ата-бабасын ұлықтап, кітап жазатындарға» тиісіп керегі жоқ деп ойлаймын. Іс жүзінде, Сіз жылына бәрібір мың кітап оқи алмайсыз ғой!

– Қазақ ұлтының ілгерілеуіне не кедергі?

– Ұлтымыздың ілгерілеуіне – демократиялық бостандықтардың болмауы, тіл секілді ұлттық құндылығымыздың тұсалуы кедергі. Саяси белсенділерге бостандық беріп, аудан, облыс, ел басшыларын шынында халық сайлауы тиіс. Демократия деген халық билігі емес, заңдардың сөйлеуі дер едім. Заң алдында бәрі тең болса көрерсіз қоғамның аяқ астынан өзгергенін. «Жаңа Қазақстан» деп көп айта бергеннен гөрі нақты іске көшпесек қоғамда жаңару болмайды.

– Қоғамдағы өзгерістерге қатысты пікірлеріңіз қандай? Ұлттық тарихи құндылықтарымызды насихаттаудың заманауи қандай жолдары бар?

– Ұлттық тарихи құндылықтарымызды насихаттау – мемлекет институттарының және оның қолдауымен зиялы қауымның міндеті. Сол мекемелер, заманауи жолдарын ойлап тауып керегі жоқ, әлемдік тәжірибені пайдаланып қаржыландырса, қолдау көрсетсе қоғамда өзгерістер болады. Мемлекет халыққа қызмет етуі керек, керісінше емес. Шыны керек, қоғамда ешқандай өзгерістер көріп отырған жоқпын. Егер сіздің сұрақтарыңызға менің жауаптарым осы қалпында шықса, онда шынымен қоғамда өзгерістер бола бастады деп түсінер едім.

– Қайрат Ұзақұлы, уақыт тауып, сұрақтарыма жауап бергеніңізге көп рақмет, ел аман, жұрт тыныш болсын!

Сұхбаттасқан Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

> Әлемде озық болу үшін елімізде жылына 48 780 кітап жарық көруі тиіс екен. Сіз қалай ойлайсыз, елімізде жылына қанша кітап шығады? Ең табысты жыл – 1996 жылы 1200 кітап түрі баспадан шығып, еліміз әлемдік рейтингте 69-орында тұр. Бұл – кітап түрі бойынша көрсеткіш, ал тиражы бойынша рейтинг болса біз көш соңында қалатынымыз сөзсіз

#КЕРЕККЕҢЕС

ҚАРЖЫЛЫҚ АЛАЯҚТЫ ҚАЛАЙ АНЫҚТАУҒА БОЛАДЫ?

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі қаржылық алаяқты қалай тануға болатынын анықтауға көмектеседі.

ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫНЫҢ СХЕМАСЫ

Қазіргі заманғы қаржы пирамидалары күмәнді талаптармен жоғары табысты инвестициялық онлайн-жобалармен жабылуы мүмкін. Мұндай финпирамидтердің өмірлік циклі тым қысқа болады. Ол бірнеше айға ғана созылуы мүмкін және олар өзімен бірге жаңа қатысушылар әкелуге міндеттемейді. Бұл – олардың классикалық пирамидалардан айырмашылығы. Мысалы, желіде сізге белгілі бір жобаға инвестиция салу ұсынылады және олардан ультра жоғары табыс уәде етіп, аз мөлшерде салым салу сұралады. Алайда, бірнеше қатысушыдан қаражат жинағаннан кейін ұйымдастырушылар жобаны жауып, жоғалып кетеді. Қаскүнемдер алданған адамдар қаржылық шығындарының аз болуына байланысты құқық қорғау органдарына жүгінбейді деп үміттенеді. Көбінесе солай болады, сондықтан пирамида жасаушылар жаңа жобаны сол схема бойынша, бірақ басқа атаумен және т.б. шеңберде аша береді.

НЕГІЗГІ БЕЛГІЛЕРІ:

* көл-көсір уәде – салынған ақша қаражаттарынан қысқа мерзімде өте жоғары пайда табу;
* жинақтаушы бағдарламаға ақшалай жарна енгізу талабы;
* «жеке менеджердің» банк картасына ақша аудару туралы өтініш;
* лицензия туралы немесе оның болмауы жөнінде ақпаратты беруден бас тарту;
* компания сайтында меншік иесі туралы мәліметтердің, заңды мекенжай мен байланыс деректерінің болмауы, интернетте Компания туралы пікірлердің болмауы;
* әлеуметтік желілердегі агрессивті жарнама;
* менеджердің жасырын нөмірден немесе күннің кез келген уақытында әртүрлі нөмірлерден қоңырау шалуы.

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі жосықсыз қызмет белгілері бар ұйымдардың тізімін тұрақты негізде жаңартып отырады. Онымен сіз агенттіктің интернет-ресурсында мына сілтеме бойынша таныса аласыз: https://www.gov.kz/memleket/entities/ardfm/documents/details/318075?lang=kk.

Тізімге қызметі қаржылық лицензиялау мен реттеу периметрінен тыс орналасқан 154 субъект енеді.

Тізім жеке және заңды тұлғалардың өтініштері мен шағымдарын қарау, азаматтық қоғам институттары болып табылатын мемлекеттік органдармен және қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимыл негізінде құрылған.

Осыған байланысты агенттіктің тізімінде көрсетілген ұйымдармен қаржылық операциялар жасау азаматтар үшін салынған қаражатты жоғалтудың жоғары тәуекелдеріне алып келуі мүмкін.

ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

Қазақстанда өз қызметін жүзеге асыратын барлық қаржы ұйымдары Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің бақылауында және тиісті лицензиясы бар. Оның бар немесе жоқ екенін қаржылық реттеушінің www.gov.kz. сайтында тексеруге болады. Мұндай жағдайға тап болсаңыз, әсіресе егер сіз оларға сеніп, ақшаңызды аударып қойған болсаңыз, бірден құқық қорғау органдарына хабарласыңыз.

ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

CALL-орталықтың 1459 телефон нөмірі бойынша қаржы қызметтерін тұтынушылар өз құқықтары мен мүдделерін қорғау, қолданыстағы заңнама нормаларын түсіндіру мәселелері бойынша консультациялар ала алады, шұғыл сипаттағы мәселелерді тікелей қаржы, микроқаржы ұйымдарымен және коллекторлық агенттіктермен жедел шеше алады және қаржы пирамидалары туралы хабарлай алады.

ЖАЛҒАН БРОКЕРЛЕРДІҢ ҚЫЗМЕТ СЫЗБАСЫ

Соңғы уақытта қаржылық реттеушінің тиісті лицензиясы жоқ, табысты және перспективалы компаниялардың қызметкерлері болып табылатын жалған брокерлер мен инвестициялық делдалдардың жұмысын жандандыру байқалады.

* Адамның атына жалған брокерлер жеке кабинет құрады. Салымдардың сомасы пайдаланушының жеке кабинетіндегі теңгерімде көрсетіледі.

* Пайдаланушы белгілі бір соманы енгізеді. Қалған сома компания есебінен толықтырылады.

* Содан кейін компаниядан белгілі бір мөлшерде есептелген бонустар беріледі.

* Пайдаланушы «қызметкерлер» ұсынатын компанияның деректемелерін тере отырып, ақшаны электрондық әмиян арқылы аударады.

* Алаяқтар көбінесе компанияның шетелде екендігі, оның ұзақ уақыттан бері жұмыс істейтіні және сіз оған сене алатыныңыз туралы трюкті қолданады.

* Қаражат түскен сайын шот үнемі өсіп отырады, ал бұл, әрине, пайдаланушының сайтта мәмілелер жасауға деген ынтасын арттырады.

* Мәмілелерді кез келген жұмыс үстелі сияқты бағдарлама арқылы компьютерге қосылған сайт талдаушысы жасайды. Байланыс әдетте телефон арқылы немесе Skype арқылы жүзеге асырылады.

* Жалған брокер ұялы телефонға сауда платформасын орнатуды ұсына алады, онда пайдаланушыға жеке кабинетке кіру ұсынылады, алайда ірі мәмілелерден кейін алаяқтар шотты нөлге келтіріп, ақша ғайып болады.

* Клиент шоттан белгілі бір ақша сомасын алғысы келгенде, алаяқтар оны салық төлегеннен кейін жасауға болады деп оны жүзеге асырудан бас тартады. Содан кейін олар басқа сылтаулар ойлап табады, мәселен, сақтандыруды, валюталық бақылау және т.б. төлеуіңіз керек, оның құны әлбетте аз емес. Яғни, арам пиғылдылар өз құрбандарынан мүмкіндігінше көп ақша алуға тырысады.

* Клиенттен ақша түсу тоқтаған кезде алаяқтар телефонды өшіріп, ғайып болады.

БРОКЕРЛЕР – бұл қор биржадағы сауда-саттыққа қол жеткізе алатын арнайы делдалдар. Бұл лицензияланатын қызмет түрі. Сондықтан сізге бірінші кезекте брокердің бағалы қағаздар нарығында агенттіктің кәсіби қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиясының болуын тексеру қажет. Қаржы реттеуішінің интернет-ресурсында көрсетілген брокердің барлық деректемелері www.gov.kz, лицензияда көрсетілген мәліметтермен сәйкес келуі керек.



ӨРТТЕН САҚТАНУ ШАРАЛАРЫ

Жылыту маусымы басталасымен тұрғын үйлерде, оның ішінде жатақханаларда өрт қаупі артады. Электр құралдарын, пеш жабдықтарын дұрыс пайдаланбау және абайсыз қолдану салдарынан өрттен жарақаттанып, қаза табу оқиғалары көбейеді. Осы жағдайлардың алдын алу мақсатында қалалық Төтенше жағдайлар департаменті жатақханаларда акция жүргізді.

Статистика бойынша, соңғы екі жылда қала аумағында 1244 өрт фактісі тіркелді, салдарынан 41 адам зардап шегіп, 201 адам құтқарылды. Биыл өрттен келген материалдық шығын 176 млн. теңгені құрады.

Халық арасында қауіпсіздік мәдениетін арттыруға бағытталған іс-шара жеке құрамды сапқа тұрғызудан басталды. Одан кейін жергілікті полиция қызметкерлері, әкімдіктер, еріктілермен бірлесе отырып, ауқымды рейд жүргізді. Аталмыш іс-шара 15-30 қыркүйек аралығында жүргізіледі.

Құтқарушылар рейд барысында өрт жағдайын бағалау, тұрғындарға өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауды еске салса, ал полиция қызметкерлері қоғамдық тәртіптің сақталуын тексерді.

Тексеру жұмысы кезінде пеш пен мұржалардың, электр желілерінің дұрыс орнатылуына назар аударылды. Тұрғындарға улы газдан уланбау мен өртке қарсы нұсқаулықтар жазылған жадынамалар таратылды.

Нұр-Сұлтан қаласы Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бастығы Еркін Отарғалымұлының айтуынша, жатақханалардағы өрт қауіптілігі адамдардың көп шоғырлануында.

– Қала аумағында жыл басынан бері 529 өрт апаты тіркелді. Оның ішіндегі – 162 жағдай тұрғын үйлерге тиесілі болса, 9-ы – жатақханаларда. Өрттің негізгі себептері – электр желілерін монтаждау және пайдалану кезінде орын алған бұзушылықтар, адамдардың немқұрайлығы, өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамау, төсекте жатып шылым шегу, балаларды үйде қараусыз қалдыру, іске қосылған электр жылытқыштарын қосып кету, – деді Е.Отарғалымұлы.

Оның айтуынша, өртті алдын алу үшін кешенді жұмыс жүргізілген маңызды. «Әр азамат қауіпсіздік шараларына бейқам қарамаған абзал. Баладан бастап, үлкендерге дейін жүйелі түрде жұмыс істеген дұрыс деп санаймын. Балабақшаларда ойын түрінде, мектептерде практикалық оқу-жаттығу, жоғары оқу орындарында дәріс деген секілді іс-шараларды өткізудің маңызы зор» деді ол.

Сондай-ақ, елордада жылыту маусымы қарсаңында өрт қауіпсіздігі айлығы жұмысын жалғастырып келеді.

ТЕКСЕРУ ЖҰМЫСТАРЫ НЕГІЗГІ 3 КЕЗЕҢНЕН ТҰРАДЫ:

1 кезеңде (15 тамыз – 15 қыркүйек) әлеуметтік осал топтар санатына жататын тұрғындармен алдын алу жұмысын жүргізу қарастырылған.

2 кезеңде (15 қыркүйек – 15 қазан) саяжайларда өртті қауіпсіздігі тексеріледі;

3 кезеңде (15 қазаннан бастап жылыту маусымының соңына дейін) жеке тұрғын үйлерді аралау қолға алынады.

ТЖД өрт қауіпсіздігінің бірінші кезеңін қорытындылап, нәтижесінде жалға берілетін 1268 тұрғын үй, нақты айтсақ, баракты-жалдамалы тұрғын үйлерді анықтады. Қала аумағында жалпы 83 шағын отбасылық жатақхана орналасқан.

Ресми мәлімет бойынша, соңғы бір айда елордада 63 өрт тіркелді, оның 29-ы – тұрғын үйлерде, 15-і – әр түрлі мақсаттағы объектілерде, 19-ы – көліктердегі өрт.

Өрт қаупі туындауына жол бермеу мақсатында Нұр-Сұлтан қалалық Төтенше жағдайлар департаменті бірқатар ережелерді сақтауды ұсынады:

– электр желісіне қосылған тұрмыстық электр құралдарын қараусыз қалдырмаңыз;

– электр сымдарының ақаулығын қадағалаңыз, зақымдалған электр құрылғыларын пайдаланбаңыз;

– бөлмеде ашық от көздерін пайдаланбаңыз (шам, сіріңке және т. б.);

– пәтерлер мен жатақхана бөлмелерінде жанғыш газдары бар баллондарды, тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтары бар сыйымдылықтарды және т.б. сақтауға тыйым салынады;

– эвакуациялау жолдарын (саты торларын, дәліздерді) әртүрлі материалдармен, бұйымдармен үймелеуге тыйым салынады;

– жатақхана бөлмелерінде немесе дәлізінде темекі шегуге және ашық от жағуға тыйым салынады;

– өрт шыққан жағдайда жатақхананың жанындағы автокөліктердің тұрағы арнайы көліктердің өтуі үшін жолды жаппауы тиіс. Сондай-ақ жолда жатақханаға кіруге кедергі келтіретін қоршауларды қоса алғанда, бөгде заттар орналастырылмауы тиіс.

Апат айтып келмейді. Сондықтан қауіпсіздік шаралары мен ережелерді ескерусіз қалдырмаған жөн. Тілсіз жаудан сақтану қала тұрғындарының жауапкершілігінде.

Индира БЕРЖАНОВА

МӘМБЕТОВ МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛАДЫ

Кеше елорда әкімдігінде жаңа театр маусымының ашылуына байланысты баспасөз мәслихаты өтіп, қалалық Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Нұран Қамзин жаңа маусым жаңалықтарын жеткізді.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Оның айтуынша, қазір бас қалада 9 театр бар. Оның 3-еуі – республикалық театрлар, ал 6-ы қала әкімдігіне қарайды. Соның ішінде Музыкалық жас көрермен театры, «Жастар» театры, «Наз» мемлекеттік би театрының жаңа маусымы ашылып үлгерді. «Қуыршақ» театры жыл бойы жұмыс істейді. М.Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театры 122-маусымын 15 қазанда Музыкалық жас көрермен театр сахнасында ашады. Ал Ә.Мәмбетов атындағы мемлекеттік драма және комедия театрында 5-мерейтойлық маусымы 5 қазанда ашылады.

Биыл 22-30 қазан аралығында театр және кино режиссері, Халық Қаһарманы Әзірбайжан Мәмбетовтің 90 жылдық мерейтойына арналған Teatrall атты халықаралық театр фестивалі өтеді. Қала әкімдігінің ұйымдастырылуымен өтетін фестивальге республикалық және шетелдік театрлардан 14 спектакль іріктеледі. Бұл спектакльдерді театр қызметкерлерінің құрамына кірмейтін тәуелсіз сарапшылар сайлайды. Бүгінгі күні 25-тен астам өтінім келіп түсті. Көршілес Өзбекстан мен Қырғызстан мемлекеттерінен, Ресей Федерациясынан, түркі мемлекеттерінің халықаралық ұйымынан (ТҮРКСОЙ) өтінімдер қабылданды. Фестивальде ұсынылатын спектакльдерге қойылатын басты талап – Әзірбайжан Мәмбетов қойған пьесалар.

Қазылар алқасының құрамында театр сыншысы Еркін Жуасбек, өнертану кандидаты Амангелді Мұқан сынды танымал театртанушылар бар. Бұған қоса, фестивальге шетелдерден арнайы қонақтар келеді.

Мақтымқұлы атындағы түрікмен ұлттық музыкалық драма театры, Т.Әбдімомынов атындағы Қырғыз мемлекеттік академиялық драма театры, Гейдар Әлиев атындағы Тбилиси мемлекеттік Әзірбайжан театры, Өзбек мемлекеттік Жизақ музыкалық драма театры, Санкт-Петербург камералық театры қатысады. Фестивальдің қорытындысы бойынша бірнеше аталымда сыйлықтар тапсырылады.

ЙОГА САБАҒЫНА ҚАТЫСЫҢЫЗ

Нұр-Сұлтан қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасының ұйымдастыруымен 25 қыркүйек күні Триатлон паркінде «Қолжетімді спорт» жобасы аясында елорда тұрғындары үшін ашық ЙОГА сабағы өткізіледі.

Йога бойынша танымал шеберлер Сұңғат Ысқақов пен Ольга Васильева елорда тұрғындары үшін йога сабағын өткізеді. Іс-шара 12.00-де басталады.

Бұл сабаққа барлық тілек білдірушілер қатыса алады. Сабақ аяқталғаннан кейін йога сабаққа қатысушылар арасында «Қолжетімді спорт» жобасы серіктестерінен сыйлықтар ойнатылады.

Бас жүлдеге – «Қолжетімді спорт» жобасының серіктесі, Түркиядағы жылжымайтын мүлік жөніндегі сарапшысы «LSA» @lifestylealanya компаниясынан курортты қала Аланияға екі адамға арналған бір апталық жолдама беріледі.

Сторизде көрсетілген сілтеме бойынша Telegram-ға міндетті түрде тіркелу керек.

Өзіңізбен бірге йога кілемшесін алып, ыңғайлы спорттық киімде болғаныңыз жөн.

Әр қатысушы ұйымдастырушылардан футболка, қатысқаны туралы сертификат және ұтыс ойынына қатысу мүмкіндігін алады.

Дайындаған: **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

ОТБАСЫ НЕГІЗІ – СЫЙЛАСТЫҚ

Елордада Отбасы күніне орай «Бақытты отбасы – мықты мемлекеттің негізі» атты фестиваль өтті. Нұр-Сұлтан қаласы Ішкі саясат басқармасының қолдауымен «Рухани қоғам әлемі» қоғамдық қоры бұл фестивальді биыл үшінші рет ұйымдастырды.

Шараға қоғам қайраткерлері, қала әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия мүшелері, отбасы құндылықтарын насихаттау, гендерлік мәдениетті қалыптастыру, жалпы отбасы институтын нығайтуға үлес қосып жүрген ҮЕҰ мен қоғам белсенділері қатысты.

Шараны Нұр-Сұлтан қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Қайрат Қамбаров ашты. Ол барша көрерменді отбасы мерекесімен құттықтай отырып, отбасы құндылықтарын нығайту керектігін атап өтті.

– Ұлы жол – отбасы табалдырығынан басталады. Қазіргі таңда қоғамда негізгі отбасы құндылықтарын нығайтудың маңыздылығына ерекше назар аударылуда. Отбасы институтын нығайту мақсатында осы жылдың тамызында елордамызда «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы ұйымдастырылып, 151 отбасы құжат тапсырған болатын. Ұсынылған өтінімдер санының көбеюі қоғамның отбасы құндылықтарына аса мән беріп, қызығушылықтың артқанын көрсетеді. Ұрпақтың бойындағы адамгершілік пен адалдық, еңбекқорлық пен мейірімділік, ұлтжандылық пен отаншылдық сияқты асыл қасиеттердің бәрі, ең алдымен, отбасында қалыптасатындығы анық, – деді Қайрат Қамбаров.

«Мерейлі отбасы-2022» қалалық кезеңінің жеңімпазы Сағитовтар отбасының атынан алты баланың анасы Айнагүл Сағитова сөз сөйлеп, берік отбасын құрудың негізі, ері мен әйелдің сыйластығы, ұрпақ тәрбиесі жайлы тебіренді.

Ерекше қажеттілігі бар 14 жасар Ернұр Тұрмағанбетов пен 15 жастағы Мөлдір Жантөренің шырқаған әндері фестиваль қатысушыларына ерекше әсер сыйлады.

«Әлем әйелдері достығы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Алтынай Тәңірбергенова жақында қызын ұзатқанда ұлттың негізі қазақтың салт-дәстүрлерінде жатқанын түсінгенін жеткізді.

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің дінтану кафедрасының доценті Кеңшілік Тышхан қазір ажырасу үлкен трагедия болып жатқанын айтып, бұл ұяда дұрыс тәрбие көрмегендігінің кесірі екенін атап өтті.

Фестиваль соңында қатысушыларға қала әкімдігі атынан алғыс хаттар тапсырылды.

Баян АСЫЛБЕКОВА

«БАРЫС» БАБЫНА КЕЛГЕНДЕЙ...

Құрлықтық хоккей лигасында өнер көрсететін елордалық «Барыс» хоккей командасы екінші ойында қатарынан жеңіске жетті.

«Барыс Арена» спорт сайына жиналған жанкүйерлер араға бір күн салып тағы да қуанышқа бөленді. Осыған дейін «Трактор» командасын 3:1 есебімен ұтқан «Барыс» хоккейшілері бейсенбі күні Омск қаласының «Авангард» клубын қабылдады.

Бұл ойында астаналықтар есеп ашып алға шықты. «Барыс» құрамында бірінші рет алаңға шыққан Аңсар Шайхмедденов қонақтар қақпасын дәл көздеп, КХЛ чемпионатындағы алғашқы голын соқты. Екінші кезеңде де алаң иелері басымдық танытты. Ал үшінші кезеңде нағыз қос қақпаға 5 шайба соғылды. Қорытынды есеп 5:2 болып «Барыстың» пайдасына шешілді.

Кеше кешке «Барыс» тағы бір мәрте «Авангард» командасымен ойын өткізді.

Ал, келесі ойынды астаналықтар ертең, 18 қыркүйекте «Сибирь» (Новосибирск) командасына қарсы өткізеді. Матч «Барыс Арена» алаңында сағат 17.00-де басталады.

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №110

Баспахана: Нұр-Сұлтан қаласы, Бейбітшілік көшесі, 8. 5-кеңсе «KOMEK INV» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК
astana.aqsham@gmail.com

Қабылдау бөлмесі:
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-reklama@mail.ru

astana.akshamy@mail.ru

Кезекші редактор – **Райхан РАХМЕТОВА**